№ 27 (33) / наурыз / 2020

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ–ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



1150 ЖЫЛ
Әл-Фараби - өркениеттің ұстазы

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор

Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Корректоры: Мөлдір ТӘУКЕБАЕВА

SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН

Суретші: Мұрат ШАХАНБАЙ

sarasoz.kz sarasoz.kz

**Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

**МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»**

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді

Басылым шығынын «Ернияз» ЖШС өтеді

**Мұқабада:
Ұлы Ұстаз Әбу Насыр Әл-Фараби**





Исламда Әбу Насырға тең түсер адам туған жоқ, оның ілімін қастерлегендер «Екінші ұстаз» деп дәріптеді. Дүниеде төрт ғажап адам болған. Олар: Аристотель мен Александр Афродезейский және Әбу Насыр мен Әбу Әли ибн Сина.

Захир ад-Дин әл-БАЙҺАКИ,
араб тарихшысы

Әл-Фараби Аристотельдің «Метофизикасын» қырық рет, «Риторикасын» екі жүз рет, «Жан туралы» атты кітабын жүз рет оқыған екен. Неткен таңғаларлық еңбек.

Г.ГЕГЕЛЬ,
немістің ұлы философы

Бүкіл мұсылман шығысының аса ұлы ойшылы әл-Фараби өзінен бұрынғылар тек шет пұшпақтап айналысқан көп мәселелер бойынша аса зор жұмыс тындырды. Бұл кемеңгер адам грек философиясының ең терең қырларына дейін бойлап, байыбына жетті. Сондықтан да шығыста философияны ғылыми зерттеуді шын мәнінде бастаушы кім дегенде, басқа ешкім де емес, тек соның есімі аталуы керек.

А.МЮЛЛЕР,
немістің шығыс зерттеушісі

Ал Әбу ше?
Кеңге жайды ол қанатын.
Әбуіміз- әрі ғалым, әрі ақын,
Әбуіміз – біздің ұлы бабамыз
Әбу Насыр әл-Фараби болатын.

Мұхтар ШАХАНОВ,
Қазақстанның Халық жазушысы

Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби – «Екінші ұстаз». Ал музыка саласын алатын болсақ, әл-Фараби бір өзі ғана бас король болып табылады. Басқаша айтқанда, музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық, бірінші ұстаз боларлық адам болмаған.

Г.ФАРМЕР,
араб музыкасының
жалпы тарихын жазған белгілі ғалым



ФАРАБИТАНУ

Ақжан МАШАНОВ



ӘЛ-ФАРАБИ

Құрметті оқырман! Ұлы Даламыздың ұлы данасын зерттеп, еңбектерін елге жеткізген, сол мақсатпен 1968 жылы араб елдерін аралап, Дамаскідегі зиратын тапқан, сүбелі еңбек жазған Қарқаралының тумасы Ақжан Машанов. Сіздерге ұсынып отырған үзінділер Ақжан атамыздың Әл-Фараби туралы зерттеуі. Баяндау машығы, оқырманға жеткізу тілі жеңіл. Автордың терең білімі, энциклопедиялық таным оқырманын үйіріп әкетеді. Өкініштісі – кітап небары 12.000 данамен 1970 жылы Әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналып басылыпты.

Медресі алдында «Бисмиллаһи иррахим. Тұаклат ғали Әллаһи».

«Ә-тұлабуа әл-ғылым мен әл-маһади әли әл-лахад».

«Мен жалда уа жада!»

Медресі қақпасын алғаш рет ашып кіре бергенде жас Абудың құлағына осы сөздер саңқ ете түсті. Оны ертіп келе жатқан ұлы атасы Мұхаммед Тархан: «Аминь-аминь» — деп, қолын жайып бетін сипады. Атасының істегенін Абу да істеп, нәп-нәзік салалы саусақтарын бірге қосып, кіп-кішкентай сүйкімді сүйрік қолдарымен ашаң бетін сипады.

– Ата, бұл сөйлеп тұрған кім?

– Ол біздің ұлы ұстазымыз, машһұр ғалым, ғұлама Абу Мәлік, балам.

– Ол не айтты?

– Әрбір істі бастарда жарылқаушы жәрдемші Аллаһу тағаланың ұлы есімін айтады, соған тәуекел етіп сыйынады.

– Оны түсіндім ғой; онан кейінгі айтқандарын түсінбедім.

– Анадан туып бесікке түскен күннен бастап, көрге кіргеніңше үйрен дейді. Бұл өзі ерте заманнан бері келе жатқан даналық қағида. Мұны ол кісі арабша айтып тұр. Ал біздің түрки-қыпшақ тілінде оны: «ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше үйрен» деп келеді. Тегінде қарт ғұлама бір іске жаңадан кіріспек шығар. «Қартайдым деп талабыңды қайтарма деп, өзіне өзі дем беріп отырған түрі бар-ау…» «Жаһад етсең жетерсің» деп отыр ғой. Дуалы ауыз ұстаздың осы сөзі жаңа талаппен келе жатқан саған да бағыштанған. Қол жайып бата істегенім сол ғой. Ал мен ұстаздан рұқсат сұрайын.

Тархан қарт аула ішіндегі хауздың кемеріне баланы отырғызды да, өзі жайлап басып есікке жақындады. Есіктің арты-

нан тағы да дауыс естілді. Ол тыңдап тұра қалды.

«Абжад есебін үйренбегені адамға қандай зор қасірет еді. «Әл-Ғайну басиратұн, уа әл-иаду қасиратұн».

«Тағаллам уа лау білсихр».

«О Аллаһу ағлам биссауаби».

– Хазрет бір үлкен ойда отыр екен, тоса тұрмасақ болмас. – Қарт баланың қасына келіп отырды. Абу атасынан бір нәрсе сұрамақ болған еді, бірақ қарттың өзі де бір ойға кетіп, оң қолының алақанымен маңдайын сипап отыр екен. Басын шайқап:

«АБЖД»,— деді. «Көзің көріп дерменде, қолың жетпей шерменде», деген сол-дағы. Шіркін-ау, бейне бір әйнектің



ар жағындағы заттай, бейнесін көріп-ақ тұрасың. Ап-айқын, түсінікті дүние сияқты… Ал қолға алып, іске жаратуға мүмкіндігі тағы жоқ: бос елес, Ақжан МАШАНОВ бұлдыр сағым. Бұл не? Сиқыр ма әлде? «Сиқырласаң да білу керек» дейді-ау… Я. «Шындықты білуші Аллаһи» деп тоқтады. Әлбетте, шексіз ғаламның сырын адам қалай біле алсын…

Хазрет отырған үйден бір жас жігіт шықты. Тегінде ол кісінің әрі шәкірті, әрі күтушісі болу керек. Тархан қартты көріп, ол әдеппен тағзым етіп сәлем берді. Қарт одан ұстаздың жайын сұрады. Жігіттің айтуына қарағанда оның ұстазы кейінгі кезде бір түрлі қиялға түсіп, кітапты көп оқитын болған, көп ізденетін болған. Әсіресе, ол «АБЖД» есебін қатты қарастырып жатса керек. Жігіт үйге кіріп, қайта шықты да, отырғандарды шақырды.

– Ассалаумағалайкүм!

– Оғалайкүм о-ас-салам!

Екі қарт қол алысып, кеуделерін қаусырысып, ұзақ сәлемдесіп амандасты; бала есік алдында төмен қарап тұрып қалды.

Екі қарт бірін-бірі ертеден білетін қадірлес, дос адамдар. Тархан қарт өзінің сүйікті немересі кішкене Абунасырды оқуға алып келгенін айтты. Абу Мәлік оған разылық білдіріп, қабыл етті. Балаға батасын беріп, басынан сипады.

– Баламмен бірге оқимыз. Менің өзім де бұрынғы өткен әулие ұстаздардан дәріс (сабақ) алып жатамын. Өз білгенімді, әлбетте, бұл балаға үйретермін. Тек жаһаты болсын деңіз.

Сол түннен бастап Абунасыр медресінің бір адамы болып қалған.

Медресі үйі бірінебірі жалғас, тіркесе салынған жеті үлкен зал. Оларға құймалас айнала шеңбердей салынған кішкене бөлме құжыралар, олардың жалпы саны екі қанатында он екіден жиырма төрт. Үлкен залдың біреуінде кітапхана, біреуі мәжіліс залы, басқаларында балалар оқиды. Құжыраларда шәкірттер, меймандар жатады, кейбіреулері асхана. Медресінің қарамақарсы түстік-батыс бетінде мешіт, биік минарет…

Мешіттің шет жағында оңашалау бір кішірек мұнара тағы бар. Оны Басита-Миқиас дейді ғұламалар, ал халық оны Күнбағар дейді. Мұнараның астына дөңгелек айнала дөңес тас төселген, үстіне өртеген қыш кірпіш қалап, оның үстінен тақтайша беттелген мрамор стол орнатқан. Столдың диаметрі 12 құлаш. Төрт қырлы тіп-тік жіңішке бағана — мұнара (гномон) сол столдың ортасына орнатылған. Столдың оңтүстік жақ жартысы кішілеу және жөнді өңделмеген. Ал солтүстік жақтағы жартысы оған

Ғылым үйренуге кіріспекші кісі тәрбиелі, адамгершілігі мол, адал, құлық-сұмдықтан және басқа да ағат мінезқұлықтан аулақ болуы қажет.

Әл-фараби



керісінше, ұқыпталып өңделіп, бірнеше жерден шеңбер сызықтар және сәуле-радиус сызықтар сызылған. Бағананың көлеңкесі осы бетке түседі. Күн шыққаннан батқанға дейін жылжып отырады. Көлеңкенің ең қысқарған кезі тал түс, сағат он екі. Дәл осы қалпындағы оның бағыты солтүстікті көрсетеді.

Демек, бұл – қаланың уақыт білдіретін күн сағаты, уақытты және бағытты бірдей керсетеді. Күнбағар дегені сол. Әрі сағат, әрі құбланама – компас.

Өзеннен тартылған үлкен арықтың бас жағында су диірмен бар. Бұл араға дейін су құбыр –түтікшелермен келеді. Түтіктер күйдірілген саздан жасалған. Онан шыққан су аулалардағы бау-бақшаларды суландырады. Онымен қатар аулада шығырлы құдықтар да бар. Құдықтардың түбі таспен өріліп шегенделген, ауыз жақтары ағашпен қапталған.

Ауланың ортасында су құбыры – әуіз бар. Ол өзі төрт бұрышты, айналасы екі жүз қадамдай таспен қаланған зор науа.

Мектепте жатып оқушылар, көбінесе, алыстан, қырдан, қыстақтардан келген шәкірттер. Олар – өз ауылдарында едәуір оқып, хат танып келген жастар. Отырардың үлкен медресісіне түсіп, онда атақты ұстаз ғұлама хазреттерден дәріс алу ол кездегі талапты жастардың арманы болатын. Медресідегі оқушылардың көпшілігі қаланың балалары, олар өз үйлерінен келіп оқиды. Оқу алғашқы төрт-бес жылдай, көбінесе түркі-қыпшақ тілінде жүреді. Ілгері қарай барған сайын оған парсы, араб тілдері араласады. Осы үш тіл сол кезде, яғни тоғызыншы ғасырларда, үш құрлықтың (Азия, Африка, Европа) көптеген мәдени аймақтарына тараған-ды. Шығысы – Қытай, батысы – Пиреней, солтүстігі – Қазақстан жері, оңтүстігі – Мадағаскар – осы төңіректе дүние айналған төрт мұхиттың дересіне қанат жайған осы үш тілді білу қажет. Сауда ма, саясат па, жиһанкез-саяхатшы ма, ғылым қуған дана ма, дін ұстаған сопы ма, соғыс іздеген жауынгер ме, бәрібір осылардың қайсысы болса да сол тілдерді білуі керек. Сол себептен де алғашқы төрт-бес жыл ішінде ұстаздар шығыстың осы үш тілін білдіруге тырысады. Абу Мәлік ұстаз бұл үш тілді бірдей жақсы біледі. Ол кісі өзінің тұрағы – отаны Қыпшақ – Туран елінің адамдарымен өз тілінде сөйлесетін болса, анау Иран елінен келгендермен өз тілінде сөйлесіп отырады. Ал енді онан арғы Бағдад — Мысырдан келгендермен ол кісі таза арабша сөйлеседі. Абунасырдың бір қызыққаны осы еді. Ұстазы оны бір жыл бойы парсыша сейлейтін жастармен қойып, солармен бірге оқытты. Келесі жылы оны арабша сейлейтіндерге қосты. Сонымен, ол екі-үш жыл ішінде үш тілді де жақсы білді. Мұндағы бір жеңілдік – бұл үш тілдің бәріне бірдей қолданылатын бір ғана араб әрпі.

АБЖД. Тіл таңу пәндерімен қатар жүргізілетін сабақтардың бірі есеп ғылымыды. Мұндағы бір өзгешелік әдіс — есеп пен тілдің біріне бірі байланысты жүргізілуі



еді. Ол байланыстың негізі – әрбір әріпті, дыбысты бір санға, бір цифрға арнау. Басқаша айтқанда әрбір санды бір әріппен белгілейді. Мысалы: а — бір, б — екі, ж — үш, д — төрт. Осы айтылған ретпен осы төрт әріпті абжд болады, бұл өзі бір, екі, үш, төрт (1, 2, 3, 4) деген сөз — сан. АБЖД есебі дегені осы.

АБЖД (оқылған — айтылғанда «абжд» болып айтылады) есебінде қолданылатын түгел арабша әріптер. Бірақ арабша алфавит пен абжд есебінде келетін әріптердің реті басқаша. Басқаша айтқанда, арабша әріптердің екі түрлі реті (екі алфавиты) бар. Оның, бірі жай хатқа, сөзге қолданылады да, екіншісі есепке қолданылады. Бұл тәртіп қалай шыққан? Қашан шыққан? Не үшін шыққан?

Бұл сұрақтарға бірнеше түрлі жауаптар бар. Ол жауаптардың біреулері екі түрлі алфавит болған; оның бірі (ескісі — абжд алфавиты) арғы кездегі, араб-еврей елдері бөлінбей тұрғандағы көне замандағы, барлық Семит тұқымдас елдерге ортақ алфавит деседі. Оны финикия алфавиты деп



атайды. Финикия атты мемлекет ерте заманда Жерорта теңізінің шығыс жағасында Ливан жерін мекендеген. Олардан қалған алфавиттың ыдысқа жазылған таңбалары Ливан жағасына жақын жердегі Кипр аралынан табылған. Ғалымдардың, зерттеуі бойынша бұл ыдыстың жасалғанына кемінде 3000 жыл. Ливанның өзінен тас қабырға жазылған түрі табылған.

Әрине, ондай алфавит сол жазылудан талай заман бұрын шыққан нәрсе екені айқын. Сонымен қатар осы алфавитты алғашқы жасаушы сол финикия халқы ма? Жоқ, олардың өздері мұны өзіне көршілес, сауда саттығы аралас Бабл (Вавилон), Мысыр (Египет) сияқты елдерден алып жүр ме? Бұл әрине әлі белгісіз, жұмбақ жай. Қалай болған күнде де алфавит тарихы өте бір қызықты ғылым.

Әзірше біз осы финикия алфавиты аталатын ескі абжд алфавиты мен арабтың қазіргі қолданып жүрген «жаңа алфавитын» салыстырып қарайық. Араб алфавитын біз жаңа деп тырнақшаға алып отырған себебіміз, әрине, ол да ескі алфавит, оның да шыққанына кемінде екі мың жыл болған шығар. Бірақ ол анау финикия алфавитына қарағанда жаңа больп саналады. Енді осы ескі алфавиттың нұсқасымен танысайық. Финикия алфавиты көбінесе дауыссыз 22 дыбыстан әріптен тұрады. Арабша алфавит 28 әріптен тұрады.

Ескі алфавитты есте сақтаудың ежелден келе жатқан оңай тәсілі бар. Ол – абжд ғылымы, ол — абжд есебі. Ол әдіс алфавитта қатарынан тұрған үш немесе төрт қарыпты бір сөз түрінде жазып алып, соны оқып жаттау. Ал кейіннен қосылған алты қарыпты үшүштен екі сөзге құрап артынан қосу. Осы есеппен алғанда 28 әріп 8 сөзге жіктеледі. Сонымен, абжд кестесі мынау:

абжд, hуз, хти, клмн, сғфс, қршт, схз, ззғ.

Басқаша айтқанда, осы жазу реті ескі финикия алфавиты. – Арабша алфавит реті мынау:

а, б, т, с, ж, х, х, д, з, р, з, с, ш, с, д, т, з, ғ, ғ, ф, қ, к, л, м, н, h, о, и.

Кейінгі алфавит кәдімгі әліппе ретінде қолданылады. Ал алғашқы (ескі) алфавит цифр — сан ретінде қолданылады. Мәселенің, негізі осы. Алғашқы он әріп бірден онға дейінгі сан, онан әрі қарай оннан, онан кейін жүзден қосылып отырады. Мысалы онынші әріп И он болса, келесі он бірінші К әрпі жиырмаға есептеледі. Он тоғызыншы әріп Қ – жүз, онан кейінгі Р – екі жүз.



Осы есеп бойынша «Фараби» деген сөзді 294 деп жазуға болады.

Үй іші ала көлеңке бола бастады. Сәкі үстінде тұрған жез шамдалдағы май шамды жақты да шәкірт үйіне қайтуға рұқсат сұрады. Екі қолын кеудесіне қусырып, басын төмен иіп тағзыммен тұр.

– Сен сәл тұра тұршы,— деп қарт өзінің қабырғада қалаулы тұрған кітаптарын ақтара бастады. Бір мезгілде бір кішкене жұқа кітапты тауып алды.

– Қашан жазылғанын, кім жазғанын мен білмеймін, бұл бір көне заман кітабы. «АБЖД тафсыры» аталады. Басқаша айтқанда АБЖД түсінігі деген сөз. Осыны бір оқып көрші.

Сырты жұқа жарғақ былғарымен қапталған кара кітапшаны шәкірт қолына алғанда оның қуанышы қойнына сыймай тұр.

– Келесіде сабақ осы болады. Сәрсенбінің сәті ғой, күн орайы осылай болатын шығар,— деді ұстаз.

«Әл-Фараби» кітабынан
1970 жыл.

Қала әкімі мен мұғалім бірдей дәрежеде тәрбиеші болып табылады. Мұғалім бала тәрбиелесе, әкім қала тұрғындарын тәрбиелейді.

Әл-фараби



ФАРАБИТАНУ

Әл-Фараби мен Абайдың ұқсастығы

Ислам дәуірі әдебиеті мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясы арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығын сөз еткенде, мықтап ескеретін бір жәйт бар. Кез келген халық әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы сол қоғамдағы тарихи жалғастықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Ал тарихи жалғастық дегеніміздің өзі, ең алдымен ақыл-парасат жалғастығы екені белгілі. Мәселен, Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты. Ол өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келе, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интелект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре кел, естіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді. Әл-Фарабидің интеллект жөніндегі осы философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен сияқты. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Сондай-ақ, Әл-Фарабидің ғылым-білімді меңгерудегі интеллект рөлі жайындағы философиялық





тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде» мейлінше айқындай түскен. Абай өз ойын: «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп тұжырымдайды. Әл-Фараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде



«жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абай қара сөздерінде (7,17,27,38,43-сөздер) қайталануы кездейсоқ құбылыс емес, Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» деп көрсетеді. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», – дейді. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуіңнің де айтқандарың рас, үшеуің де қажетсің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман », – депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай осы үшеуінің басында қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» – депті деген қорытындыға келеді.

Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген.

Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі. Ал бойына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни ол енді «нұрлы ақылдың


Бақыт деп өз-өзіңе, жалпы өмірге көңілің толған «төрт өкпылаң түгелдік» күйі.

Әл-фараби



өкілі» деп танылады. Сөйтіп, Абайдың «нұрлы ақыл» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары әл-Фарабидің интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғару қиын емес. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын білдіретін зерттеулері де баршылық. Оған «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» деп аталатын ғылыми еңбектері жатады. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударған. Этиканың зертеу объектісі – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы – бақыт. Сонымен қатар ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды деген пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Әбунасыр айтуынша, адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, ол өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіруге мүмкіндік алады. Әбунасыр «қандай шебер әдістің жәрдемімен жақсы мінез-құлыққа жететінімізді қарастыруымыз керек» дей келіп, әзіл мен күлкі сияқты құбылыстарға моральдық-этикалық тұрғыдан баға береді. Қоғамдағы әрбір құбылыс шектен шығып кеткен жағдайда адамға теріс әсер ететіні сияқты адамның мінез-құлқындағы шамадан асып кеткен көріністер де ізгі қасиеттерге кері ықпалын тигізеді. Осы пікірін түйіндей келіп, Фараби: «әзілқойлық – әзілді шектен тыс қолданудан болады. Ал әзілдеу оңай болғандықтан, біз соған бейім бола бастаймыз. Енді бізге қалғаны бір шеткеріліктен екінші шеткерілікке немесе орташа мөлшерге ауысуды жеңілдету үшін қандай амалдар бар екенін білу» деп жазады. Әл-Фарабидің осы моральдық-этикалық тұжырымын Абай өзінің «Төртінші сөзінде» жетілдіре түседі: «Күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек».

Дайындаған Жас ИСАКАЕВ.



Досай КЕНЖЕТАЙ,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры, теология және философия ғылымдарының докторы



ФАРАБИ – түркі ислам өркениетінің ойшылы

Фараби Түркістан топырағы, бұрынғыша айтқанда, Фараб аймағынан шыққан ірі ойшыл, философ ғалым. Ол тек ислам өркениеті үшін ғана емес, Батыс пен Шығыста, ақыл ойдың айқын тіршілік ету тұжырымдамасын жасаған данышпан. Өткен ғасырда Батыста, мемлекет пен дін, философия мен ғылым, ғылым мен дін, теизм мен атеизм, экзистенциализм мен болмыс туралы пікірталастар ушыққан кезде, әл Фараби мұраларының бірден сұранысқа ие болуының астарында осы мәселе жатыр. Бұл сұраныс, бүгінгі зайырлы ел – Қазақстан үшін де өзекті. Себебі, елімізде салафилік тенденцияның кең етек алуы, ақыл-ойдың тұншықтырылуы, ноқталануы сияқты індеттен құтылуда, мемлекет пен дін қатынасында ақыл мен нақылдың арақатынасын нақтылауда да Фараби мұрасына зәру екендігіміз айдан анық.

Бүгін, әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы қарсаңында, «Фараби не дейді?» деген мәселеге жауап беруге дайынбыз ба? Мен бұл жерде Фарабидің бір қырына, түркі ислам философиясы тұрғысынан, оның өркениеттік бастамашылдығына қысқаша тоқталмақшымын.

Түркі-ислам философиясы – кәлам, сопылық, фикх және т.б. салаларда ғылым өкілдері мен олардың еңбектерінің жемісі. Әл-Фарабидің адамдық таным мен құдайлық таным арасындағы исламдық ғылым, философия және дін аралық қатынасын логикалық методтармен айқындағандығы белгілі. Фараби барлық еңбектерінде физикалық және метафизикалық, яғни транцендентальды әлемнен бастап тұтастай себептілік арқылы адам мен қоғамның осы

Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты.

Әл-фараби



әлемдегі табиғи жағдайын және болуы тиісті күйіне байланысты түсіндірме жасауға тырысқан.

Оның пікірінше, өзін-өзі білетін трансценденталды “бірінші Болмыс пен Себептен” белгілі жүйе мен тәртіпке сай орналасқан әлем толығымен пайда болған соң адам мен қоғам жаратылған. Басқаша айтар болсақ, Фараби философиясында



әлем екіге бөлінеді. Бірі адамның тіршілік ортасы саналатын физикалық әлем және екіншісі метафизикалық әлем. Бір жағынан трансценденталды саналы болмыстар (10 сана, 9 планета) мен аспан денелерінің орналасқан әлемі, әсіресе соның ішіндегі «белсенді сана» адамның ең жоғарғы таным көзі болып табылады. Адамның тіршілік ортасы, физикалық әлемде ретретімен алғашқы материя, төрт элемент пен минералдар сияқты жансыз денелер, кейіннен өсімдіктер, жануарлар мен адамдар сияқты жанды денелер жаратылған. Бұл жерде адамның қалыптасуына қатысты Фарабидің айтқан ойы, адамның болмысынан бұрын пайда болған минералдар, өсімдіктер мен жануарлардың бар болуы міндетті болса, ал адамның уақытқа қатысты бар болуы, ақиқатты тани алуы, жақсыны қалауы (ихтийар) сияқты ерекшелігіне орай осы әлемдегі ең құнды болмыс болуына қарамастан, шектеулі болмыс екендігі де түйінделеді. Демек, адам кемелденуге мұқтаж. Осы нұқсандығын адам уақыт ішінде жоя алатындығы үшін, адамның тарихы – оның кемелдену үдерісінің тарихы болып табылады.

Міне осы ұстаным исламдағы кәлам, философия және сопылық мектептердің негізгі арқауы болды. Фарабидің сөзімен айтқанда, адам потенциалды білу қуаты бар: «потенциалды ақыл, ойлаушы, ойланылған» болмыс. Адамды потенциядан әрекетке түсіретін нәрсе, себептілік байланысында болмысқа қатысты міндетті таным (мағрифату’л – лима’ш-шай). Фараби философиясында адам өз болмыстық тіршілігін таным арқылы жүзеге асырады. Сонда Фараби түсінігінде таным мен болмыс немесе таным арқылы бар болу тең ұғым. Адам уақытқа қатысты болмыс. Адамға сол өз уақытының шарасынан асып кемелдікке, бақытқа жетуі үшін тек таным жеткіліксіз, оған қоса амалды да жүзеге асыруы шарт. Бұл Құрандағы білім алу, оны жүзеге асыру ұстанымымен үндеседі. Адамдық болмысты толық қалыптастыру өлімнен соң аяқталады. Сондықтан адамның алдында өлімнен бұрын жүзеге асыратын үш түрлі таңдау бар: Біріншіден, адам ілімі мен амалын тең дәрежеде қолданып, жүзеге асырып, яғни парасатты адам (фазыл) болып, шексіз бақытқа (ас-саадат-ул қусуа) ұласады; екіншісінде адам тек таным, ілім иесі болып қалады, бұл жерде ол амал арқылы жүзеге аспағандықтан (фасық) шексіз бақытсыздыққа душар болады, (шақауат) яки, адам танымды да қалауды да жүзеге асырмаса, өліммен бірге жоқ болады.

Фарабидің таным мен амал немесе сөз бен істің тұтастығы ұстанымы Орта Азиядан шыққан ірі ойшыл тұлғаларымыздың шығармаларында жүйелі көрініс тапқан.

Екінші бір ортақ тұс, Фарабидің көзқарасы бойынша, адам өз бетінше жеке алғанда уақыт ішінде нұқсандығын жойып кемелдікке жете алмайды. Өйткені Фарабидің ұстанымында адам қоғамдасып тіршілік етуге мәжбүр. Бұл қажеттілік адамның (әлеуметтенуі үшін) табиғатынан туындайды. Сондықтан Фараби “адам қауымшыл тіршілік иесі” (ал-хайуану’л маданийа) дейді. Сонымен әрбір адам парасатқа қол жеткізуі үшін қоғамның



ішінде болуы шарт. Дегенмен, адамның қоғам ішінде болуы, ол қоғамның басым көпшілігінің парасатты болуы, оның жеке басының бақытқа жетуі үшін жеткіліксіз. Демек, адам парасат жолындағы таным мен құндылыққа өзінше жете алмайды. Оған, ұстаз кәміл жол көрсетуші қажет.Ал қоғамдағы барлық адамның түгел дерлік бақыт пен кемелдікке жетуі де мүмкін емес. Сондықтан оларға болмысы жағынан кәміл жол көрсетуші пір, ойшыл философ басшы қажет. Қоғамды парасаттылыққы шақырып, бақытқа жеткізетін адамдар тобы “таңдаулылар және қарапайым” болып екіге бөлінеді. Таңдаулылар тобындағылардың өзі екіге бөлінеді: Біріншілері – даналар (хукама, фаласифа), олардың танымдық құралы – философия, екіншілері – ғұламалар (улама, алим, ахли синаға), олардың танымдық құралы – ғылым (білім, өнер).

Фарабидің ойынша, адамды бақытқа жеткізетін құрал философия. Ал осы философиялық танымға адам екі жолмен жетеді. Біріншісі – адамның ақыл қуаты, екіншісі – оның транценденталь ұстаным болып табылатын “белсенді санамен” байланысты.

Ғылымның да философияның ұстанымдары (категориялары) “белсенді санадан” адам санасына келеді. Адам санасы осы келген ұстанымдар мен категорияларды (ма‘кулат-ул ула) пайдалану, философия жасау, дұрыс пен бұрысты (сауаб-далат) ажырату, өзін қателесуден сақтандыру дәрежесіне көтеруі арқылы ғана мүмкін болады. Сонымен философияда дұрыс пен бұрысты ажырататын, қателіктерден сақтандыратын әрине, мүмкіндігі шеңберінде, ол – логика. Адамды парасатты, бақытты қылатын, негізгі тақырыбы Алғашқы және Транцендентальды Себептен бастап барлық болмысты себеп-салдар байланысы арқылы түсіндіретін, болмыс туралы ең “айқын таным” беретін философия басқа барлық ғылымдардың атасы деп есептеледі. Бүгінгі біздің түсінігіміздегі философияны Фараби ұлы философия (ал-фалсафат-ул ула), даналық (хикмат), теориялық философия (ал-фалсафат-ун-назарийа), теология ілімі (ал-илм-ул илаһийа) және т.б. деп атайды.


Фараби философия мен дінді салыстыра келе философияның

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Әл-фараби



әмбебап, ал діннің ұлыс пен қоғамдарға қарай өзгеретіндігін айтады. Сондықтан қоғам, мемлекет, дін арасында тығыз байланыс бар. Қай жерде қоғам болса, сол жерде дін бар. Егер бір дін шынайы философиямен үндессе, ол дін – парасатты (ал-милла фадила) дін, ал керісінше болса, ол дін бұзылған дін (ал-милла ад-далла). Діннің теориялық және практикалық тұрғыдан үздіксіздігін қамтамасыз етуі үшін фикх пен кәлам философияға, ал факих пен кәламшы философқа көмекші болуы тиіс фикх пен кәлам, яғни діни ғылымға философия көмектесуі тиіс. Сонымен жалпы шола келе Фарабидің шығармаларындағы адамды кәмілдікке жеткізетін, парасатты, бақытты қылатын таным шынайы философиялық таным. Осы танымға қарай әрекет ету – парасаттылық. Міне осы мақсаттағы қауымды парасатты қауым, қоғамды парасатты қоғам, ұлысты парасатты ұлыс, мемлекетті парасатты мемлекет деп көрсетеді.



Әл-Фараби дін, философия және саясат арқылы адамдар арасында бірлік пен бақыттың үстемдік етуін мұрат еткендіктен, түркілік дүниетанымдық элементтер мен құбылыстарды ислам философиясы ішінде қорытып, пайдалана білді. Өйткені оның негізгі әдісі жалпы болмысты тұтастық тұрғысынан қарастыру болғандықтан, негізгі исламдық платформаға басқа дүниетанымдық пікірлер мен жүйелерді үйлестіру үшін көбінесе еркін комментарий әдісін, яғни бүгінгі герменевтикалық әдістен терең әрі кең "тауил" әдісін қолданады.

Әл-Фарабидың көзқарасы бойынша адамның шынайы рухани кемелдікке жетуі оның танымының теориялық және практикалық тұрғыдан тең меңгерілуіне байланысты. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген уақыт пен кеңістікте философияның негізгі міндеті адамзаттың игілігіне қызмет етіп келе жатқан дін мен ғылымның бірлігін қамтамасыз ету болатын. Әл-Фараби философияның да, діннің де адамзаттың бақыты мен игілігі үшін қызмет ететіндігін, діннің адамды иман арқылы ақиқатқа жетелейтіндігін, ал философияның сол иманды рационалдық жолмен нығайтуға негізделген ойлау жүйелерін қалыптастыратындығын айтады.

"Қайырымды қала тұрғындары" атты еңбегінде әл-Фараби материядан тыс болмыс, мәңгі жаратылыс құбылысының бастауы болып табылатын алғашқы себеп – Алла туралы өте терең талдау жасағанын көруімізге болады. Бұл теория ислам философиясының маңызды бөлігін құрайды. Ай үсті және ай астындағы деп әлемді екіге бөледі. Бұл әлемдер әрдайым қозғалыс үстінде, әрі ұдайы өзгеріп отырады. Әл-Фараби "Бірдің" яғни Тәңірдің міндетті болмыс болғандығын және сол себепті де Ол өзінің "бар" болуы үшін еш нәрсеге мұқтаж еместігін қабылдайды. Ол (Тәңір) өзін-өзі тану, білу күшіне ие. Ол әрі ойлайтын (ақил), әрі ойланылатын (мақул) болмыс. Оның формасы еш нәрсеге ұқсамайды. Еш нәрсе оған ұқсамайды. Оның қарама-қайшылығы мен серігі де жоқ. Тәңірі мен көптік арасындағы байланысты әл-Фараби эманация (судур) арқылы түсіндіруге тырысады. Фараби бүкіл болмысты себеп және салдар ара қатынастармен байланысты 6 дәрежеге (себепке) бөледі: Алла (ас-сабаб ал-ауал), аспан денелері (ас-сабаб ас-саний), сана (ал-ақл ал-фаал), жан (ан-нафс), форма (ас-сурат), материя (ал-мадда). Бұлардан Алла міндетті болмыс (вужуди уажіп), ал қалғаны мүмкін болмыстар (вужуди). Бұлар бір-бірімен себеп жағынан байланысқан. Көріп отырғанымыздай Фараби философиясы ислам діні мен дүниетанымын



басшылыққа алатын философия. Ойлау қалыптары грек философиясынан алынса да мазмұны исламдық болуында күмән жоқ.

Адам пайда болған кезде ондағы ең маңызды рөл алатыны азықтандырушы қуат (қууа ал-ғазия), кейін сезімдік (хасса), қиялдау (мутахаийла), ойлау (натиқа) және қалау қуаттары (нузуғия) пайда болады. Бұл бесеуі рухтың негізгі қуаттары.

Фарабидің өз дәуіріндегі атқарған ең маңызды қызметі дін мен философия арасына көпір салып, оны пайғамбарлық (нубувват) және философиялық түсінікке негіздей отырып анықтама бергендігінде жатыр. Оның пікірінше нағыз философ пен пайғамбар арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Әрқайсысының мақсаты – адамдардың бұл дүние мен о дүниедегі бақытқа қол жеткізуіне көмек беру. Алайда философ өз күшімен (ақылымен) Аллаға жету үшін көп еңбек еткендіктен пайғамбардан символикалық түрде жоғары тұрады. Әйтпесе шын мәнінде философ пайғамбардан да жоғары деп айтпаған. Бұл мәселені жете түсінбегендіктен әл-Фарабиге көптеген ғалымдар қарсы шыққан. Әл-Фараби бұл мәселеде философты пайғамбар дәрежесіне дейін көтеріп, онымен теңестірген. Ол пайғамбарды философ дәрежесіне түсіруді ойламаған. Себебі бар мәселе әл-Фарабидің философ деп кімді айтып тұрғандығына байланысты. Әл-Фарабидегі философ – белгілі бір дәрежеден кейін сопылардың әулиесімен теңесетін адам. Бұл тұрғыдағы оның пікірі Ибн Араби секілді философ-сопылардың пайғамбарлық пен әулиелік жайлы көзқарастарына көп әсер еткен. Әл-Фарабидің пікірінше ең кемеңгер басшы – ең кемеңгер әрі бойында пайғамбарлық пен философ болу қасиеті бар адам. Ал бұл қасиеттер Хз.Мұхаммедтің бойында бар. Сондықтан да Хз.Мұхаммедті "Бірінші басшы" деп есептейді [278].

Сонымен ислам философиясындағы ойшылдарымыздың құдай туралы таным мен түсінігінің өзіндік ерекшеліктері болғандығын көруге болады. Бұл ерекшелік танымдық, методологиялық және психологиялық негіздерге сүйенеді. Міне, түркі ислам философиясы тарихындағы Фарабидің ойлау жүйесіндегі Алла туралы танымы мен түсіндірмесінде эклектизм бар. Оның себебі де қарапайым. Екеуі де Құрандағы Алланың танымы мен Аристотель, Платон философиясындағы Алла түсінігін үйлестіруден туған электизм. Мұндай «жамауға" ислам мутакаламдері қарсы шығып, философтарды сынағанымен өздері олардың ұғымдық жүйелері, қолданған методы мен қалыбынан алыстап кете алмаған. Кәламдық тұрғыдан өзіндік методологиялық сенім жүйесін қалыптастырған түркі ислам философиясында кәламдық-доктриналық мектептің негізін салған Матуридидің Алла, әлем және адам туралы идеялары да Фараби, Ибн Сина көзқарастарымен астасып жатыр. Өйткені олардың дүниетанымдық кеңістігі мен негіздері ортақ болатын.





Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

Әл-фараби



ФАРАБИ САЗЫ

ФАРАБИ ЖӘНЕ МУЗЫКА



Фараби кемел мұсылман ретінде саяси тұрғыдан өте сауатты, көзі ашық, сарай тіршілігі мен даңғазасын жоққа шығаратын, ақыл мен философия арқылы қоғамды тура жолға бастауға болатындығына сенетін. Әрі хаким, музыкант, мистик-сопы болатын. Фараби үшін Хз.Мұхаммед пайғамбар бірінші басшы әрі шынайы философ болатын. Алла Фараби философиясының өзегі болатын. Адамның рухы мен санасы құдайлық санадан (ақылдан), ал тәні топырақтан келген. Фарабидің ойынша, адам топырақтан келген кірлерді шайып, рухын кемелдендіретін, арылтатын болмыс. Оның ойынша, кез келген адам философ бола алмайды.

Жоғарыда кәлам, сопылық және философия өкілдерінің Иасауи көзқарасына ықпал етуі ықтимал түркі ойшылдарының негізгі ойлау жүйелері туралы қысқаша шолу жасадық. Солардың ішінде Иасауи мәдениетінде музыка саласы бойынша да өзіндік орны бар ойшыл Фараби еді. Фараби тек сопылық музыкаға ғана емес жалпы музыканың қыр сырымен теориялық философиялық аспектілері туралы өзіндік жүйе жасап, ой түйген дана болатын.

Сонымен Фараби философиясында музыканың орны ерекше. Музыка философияның бір саласы. Бұл жерде негізінен түркі сопылық мәдениетіндегі Фарабидің музыка туралы түсінігіне, музыканың рухты тәрбиелеудегі маңызы мен рөліне тоқталамыз. Сонымен қатар музыка мен рух, музыкалық аспап пен адам арасындағы үйлесімнен туындаған шабытты хәл мен мақамдардың сопылық түсіндірмелері мен тұжырымдарына қысқаша шолу жасамақпыз. Мұндай көзқарас жалпы ислам философиясы тарихындағы әл-Фараби, Ихуан-и Сафа, Газали мен Иасауи мәдениетіндегі музыка түсінігінің төркіндерінің ортақ екендігін көрсету тұрғысынан өте маңызды.

Исламда музыканың өзі математика ғылымдарының бір бөлігі ретінде дыбыстардың пайда болуы және араларындағы қарым-қатынас заңдылықтарын зерттейтін саласы және философияға қатысты пән

ретінде қабылданған [62, 235 б.]. Ислам ойшылдарының музыка туралы еңбектерінде негізгі ұғымдар мысалы, өлең айту “ғына”, мелодия мен композиция “алхан”, музыка аспаптары үшін “малахи” сияқты араб ұғымдары қолданылады [32, 1-2 бб.].Ислам тарихында алғашқыда жахили (надандық) дәуірінен қалған музыкалық құралдар мен мелодияларды, кейіннен сарайдағы ән-би, музыка



құралдарын діни тұрғыдан харам деп санаған мұсылман кәламшылары мен құқықтанушылары кездеседі. Сонымен қатар исламда жоғарыдағы “жахили” және “сарай” музыкасының ішінде діни ғибадаттарда тиым салынбаған өзіндік эстетикасы мен әсем сазды діни музыкаға, діни ритуалдардағы музыканың маңыздылығына ерекше көңіл бөлгендер де болды. Алайда бұған қарамастан исламда, діни әдебиеттерде музыка өнерінің, жалғыз отырып музыка тыңдаудың шариғатқа сай келіп келмейтіндігі туралы пікірталастар да болған. Дәл осындай пікірталастар кезінде сопылар мен ғұламалар арасында музыка, би мен семаның дінге сәйкес немесе сәйкес еместігі төңірегінде жүріп жатты [173, 217-218 бб.].

Фараби ортағасыр ғұламаларының музыка туралы көзқарастарына қарсы музыка өнерінің адам рухын кемелдендіріп, тәрбиелеудегі оның құдайлық әлеммен байланысуы мен үндесуіндегі маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетіп берді. Музыка туралы дін ғұламаларының ұстанымдары мен түсініктерін ислам қоғамындағы музыка мәдениетінің төмендігімен байланыстырды [74, 118 б.]. Исламда негізінен бұл тақырыпқа әсіресе X-XII ғасырларда тариқаттардың кең таралуы кезінде көңіл бөліне бастады. Бірақ одан бұрын IX-X ғасырларда исламда музыканың орны туралы пікірталас тудырған көптеген шығармалар да жазылды. Мысалы, ал-Мунажжимнің “Китаб ул Нағам”, ал-Хузеиидің (913 ж.) “Китаб фин Нағам уа илал Ағани”, Сарахсидің (899 ж.) “Китаб ул Лаху уа л Малахи”, Ибн Аби ад-Дүния (894), “Музыкалық аспаптардың тексерілуі”, ал-Муфаддал Ибн Саламаның (902) “Музыка аспаптары хаққында”, Ибн Хордадбектің (912), “Музыканы тыңдау этикасы кітабы” және осы тақырыпта Газали, Хужвири сияқты атақты сопылардың да шығармалары бар [145].

Ислам философиясы тарихының қалыптасуында маңызды орын алған “тәржіме қозғалысы” және Аббаси билеушісі Мамунның (832) бастауымен ашылған “Байт улхикма” (Даналық үйі) әрекеттері арқылы исламда музыка саласы үлкен даму көрсетті және жеке музыка білімі қалыптаса бастады. Фарабиден бұрын да музыка теориясы туралы зерттеу жүргізгендер мен еңбек жазғандар болды. Мысалы, Ибн Ысқақ (873), ал-Кинди (873), ас-Сарахси, Сабит ал Курра (900) және т.б. Бұлардың барлығын жүйеге келтірген және музыка теориясы мен ғылымының негізін қалаған әл-Фарабидің жолын кейіннен Ихван-и Сафа, Харезми (987), Ибн Сина

Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

Әл-фараби



(1038) жалғастырды.

Ислам философтары музыка мен ғылым өте тығыз сабақтастықта, байланыста деп сенді, оны тіпті солай қарастырды. Мысалы: ал-Кинди алхан, яғни, саз-мелодияның пайда болуындағы физикалық және физиологиялық мәселелерді зерттеді. Бұл мәселені Фараби одан әрі тереңдетті. Ибн Сина болса саздың әсері мен пайда болуындағы психологиялық қағидаларға назар аударды [97, 4-9 бб.]. Әл-Масудидің (957) "Муруж аз-захаб уа маадин ал-жауахир" атты еңбегінде грек, византия, сириялық, набаттық, Қытай, Үнді және парсылардың аспаптар, би түрлері, мақамдар мен саз секілді музыка түрлері мен құралдары туралы мәлімет береді [74, 166 б.].

Ислам философтарының музыка туралы жазған шығармаларын зерттегенде ескі космологиялық түсініктер мен аспан қабаттарының өзара үндестігі доктриналарын да кездестіруге болады. Аспан қабаттары мен музыкалық гармония құбылысы, планета мен қыпшақ (музыкалық аспап) перделері арасындағы үндестікті әл-Киндидің еңбектерінен кездестіруге болады. Мысалы, аспаптың (уд-домбыра) әрбір пердесі немесе ішектерімен планеталарды үндестірген. Бірінші ішек (мұтлақ әл-бамм) – Сатурн, екінші ішек (себеп әл-бам) – Юпитер, үшінші ішек (вуста әл-бам) – Марс, төртінші ішек (хынсыр әл-бам) – Күн, бесінші ішек (себеп әл-маслас) – Венера, алтыншы ішек (вуста әл-маслас) – Меркури, жетінші ішек (Хынсыр әл-Маслас) – Аймен байланыстырылған. Осы сияқты ұқсату, салыстыру және ғарыштық үндестік құбылысын Ихван-и Сафа шығармаларынан да табуға болады. Олар уд (домбыра) аспабының «Зыр, Масна, Маслас және Бамм» ішектері мен негізгі төрт элемент яғни от, ауа, су және топырақ арасынан, сонымен қатар музыка мен әлем құрылымы арасынан да бірлік, үйлесімділік іздеген. Бұл ішектерден шыққан дыбыстар яки, саздар ыстық, суық, ылғалдылық пен құрғақтық сияқты төрт элементтің табиғи ерекшеліктері арқылы тыңдаушыларға түрлі дәрежеде әсер беретінін негіздеді [99, 157-158 бб.].

Осылайша ислам философтары музыка мен әлем арасында тығыз үндестік пен үйлесімділік орнатып, мұны әлемнің метафизикалық құрылымының ішінде тұжырымдады. Нәтижеде әлемнің (космостың) құрылымдық ұстанымдары мен өнердің эстетикалық қағидалары арасында үйлесімділік тауып, философиялық ойлар мен космологиялық түсініктерді музыка ғылымына әкелді. Ислам перипатетиктері (Кинди) метафизика, химия, астрология жағынан қарастырып музыканың табиғаты мен "ай асты" және "ай үсті" әлемдерімен бірге уд аспабының төрт ішегінен шыққан дыбыстарды, саздарды аспан қабаттары, жұлдыздар, маусымдар, күннің уақыты, адам өмірінің түрлі сатыларымен, рухтың халдерімен, физикалық және ойлау қабілеттерімен тұтастандырған. Меніңше, осы табиғат пен музыканың өзара үйлесімі құбылысын негізінен адамның қабілеттері шеңберінде "Аллаға ұқсап бағу" сияқты философиялық астармен байланысты қарауға болады.

Ибн Сина музыканың субстанция ретінде адам жанымен байланысы жоқтығын алайда музыканың адам жүрегінде әр түрлі көңіл-күй, әсер туғызудағы белсенділігін, жүректі жұмсарту, пәктендіру мен тәрбиелеудегі маңыздылығын көрсеткен [97, 4-9 бб.]. Осылайша музыканың функциясына жаңа бір сипат берілді. Мұны музыканы өнер сонымен қатар Ұлы Болмысқа жақындататын философиялық эстетикалық күш ретінде қабылдаған деп топшылауымызға болады.

Музыканың өнер ретінде, ғылым ретінде қабылдануын философтардың ғылым әдістері мен "ал-йакин", таным мәселелерін қарастырғанда "танымның негізі" мен "танымға жету жолдары" мәселелерін де музыка ғылымы тұрғысынан қарастыруларынан көруге болады. әл-Фарабидің музыка теориясы туралы жазған ең маңызды шығармасы "ал-Мусики ал-Кабир". Бұл шығарма ислам әлеміндегі музыка ту-



ралы жазылған шығармалардан аса ерекшеленеді. Еңбекте Фарабидің де айтқанындай музыка ғылымының өзіне тән негізі мен әдістерінің бар екендігін дәлелдеуге арналған. Шығармада музыка ғылымы проблемаларының мәселелері тұтас әрі жүйелі түрде қарастырылған. Бұдан басқа Орта Азия мен Таяу Шығыс мәдениетіне тән музыкалық аспаптар (малахи) кеңінен әрі анық сипатталады. Аталмыш музыка құралының ішінен арап мәдениетіне тән уд, рубаб, Бағдат домбырасы (танбур), Орта Азия түркі музыкалық құралдарынан қыпшақ (шахруд) және Хорасан домбырасы да орын алған [68, 130-118 бб.]. Осы шығармасы арқылы Фараби өз дәуіріндегі музыкаға қатысты түсініктер мен ежелгі грек теорияларын зерттей отырып исламдық ойлау жүйесі негізінде музыка теориясының қалыптасуына ізашар жол көрсетіп, жаңа өзіндік көкжиек ашты [74, 28 б.]. әл-Фарабидің сана (ақыл) теориясы мен таным теориясы "Үлкен музыка кітабының" мазмұны мен теориялық құрылымы арасындағы ұқсастықтар, рухтың "белсенді сана" мен "интуитивтік байланысы" құбылысының теориялық негізі мен музыканың рухтың құдайлық танымға ұласуы мен бақытқа кенелудегі орны өте маңызды. Фарабидің ойлау жүйесіндегі танымның мәні, танымға жету жолдары мен музыканың рухты танымдық кемелдікке жеткізудегі және тәрбиелеудегі орны жеткілікті дәрежеде қарастырылған.

Ұлы ойшыл әл-Фараби бабамыздың ең маңызды көзқарасы музыка өнерінің мақсаты мен қызметіне байланысты тұжырымынан көрінеді. Музыка теориясын онтологиялық негізде логика және эпистимологиядағы таным түсінігі тұрғысынан зерттеген. Әсіресе әлемнің онтологиялық құрылымы иерархиялық тәртіпте оның эмонация теориясында көрініс тапқан. Бұл теорияда ұлы Алла, "бірінші себеп" немесе "алғашқы ұлы болмыс". Әрбір космостық санаға (ақылға) планеталар сәйкестендірілген. Оныншы сана, яғни "ай асты әлемі" эмонация иерархиясында алғашқы зат, элементтер, нәрселер, табиғат пен адамның жаратылысы яғни феномендер әлемімен тұтастықта қарастырылған. Міне осылайша Фараби бабамыз, музыка өнерінің өміршеңдігінің әлеуметтік және моральдық этикалық проблемаларын философиялық метафизикалық тұрғыдан тұжырымдап берген болатын [68, 117 б.].

Фараби философиясында болмыстың құрылымы:

Алла (ас-Сабаб ал-ауал)
Ай үсті әлемі
Белсенді сана (ал-фаал ал-ақыл)
Ай асты әлемі
Адамдар
Хайуандар
Өсімдіктер
Минералдар
Төрт элемент

Схемада көрсетілгендей адам ай асты әлемінің ең жоғарғы сатысында тұр. Бірақ адам Алламен байланыс құру, Онымен үндесу үшін белсенді санамен байланыс құра білуі тиіс. Сонда ғана адам өз жанының жоғарғы қабілеті мен ең жоғарғы күші арқылы белсенді санамен (ал-фаал ал-ақылмен) байланыс орната алады яғни, Алланы тани алады. Белсенді сана бұл жерде жарықтың рөлін атқарып тұрған – құдайлық нұр. Мысалы, көздің қызметі көру болғанымен жарықсыз көре алмайды. Сол сияқты адамның міндеті Алланы тану болғанымен Алланың құты немесе нұры болмаса өз бетінше тани алмайды (Фараби терминологиясындағы "белсенді сана" ұғымы діни терминология бойынша "аян әкелуші Жәбірейіл періштеге" сәйкес келеді).

Адам жанының қабілеттері:

Белсенді сана (ал-фаал ал-ақыл)
сөйлеу қуаты (ал-қууатал-натыка)
қиялдау қуаты (ал-қууатал-мутахаиила)
сезім қуаты (ал-қууатал-хасса)
тату қуаты (ал-қууатал-

Ғақлия көзбен қарасаң, Дүние – ғажап, сен – есік.
Жаһлы көзбен қарасаң, Дүние – қоқыс, сен – меншік.

Әл-фараби





ғазиида)

Бұл схема бойынша адам алғаш рет зат туралы танымға«ал қууат алхасса», яғни, сезім қуаттары арқылы қол жеткізеді.Бұл да «белсенді сана» арқылы мүмкін болады. Бұл жерде “белсенді сана” нұр, жарықтың рөлін ойнайды (Қараңыз: 1-сурет. Фараби философиясындағы болмыс).

Фараби музыканы математика және тағылым деп есептейді. Тағылымды да “теориялық өнер” (синаат ун-назариййа) ретінде қабылдайды. Теориялық өнердің негізгі мақсаты – ақиқатқа жету. Өнер болса Фарабидің айтуынша “ен-натыка билфиил” яғни адамның танымға жету қабілетін жүзеге асыратын және Алланың кемелдігімен сипатталған бір күш. Бұл күш болса адамды кемелденуге апаратын жолды көрсететін құндылық ретінде адамды ең соңғы мақсаты бақытқа жетелейді. Осылайша өнер, таным арқылы құдайлық негізге жетеді. Көріп отырғанымыздай, Фарабидің музыка түсінігі мен әлемнің онтологиялық құрылымы арасында ортақ ұқсастықтар бар. Музыканың хикмет ілімі (физика), медицина және астрологиямен байланысты екендігі, музыкада қолданылған мақам атауларынан кейбірлері және музыкада негізгі элемент болып табылатын 12 мақам, 7 әуез, 4 бөлім және 24 қосынды сияқты есімдердің Фараби тарапынан қолданылғаны да айтылады [176, 228 б.]. Мысалы:уд ішектерінің “раст, дүгах, сегах, чаргах, нева, хүсейни, герданиа, ираки, нүфхүфт” сияқты атаулары бар.

Фарабидің ойынша музыкалық мақамдар мен саздардың емдеу ісінде пайдалы екенін және мұның психологиялық әсерлерінің сонымен қатар 12 мақамның да адам жанына әсер ету уақыттарын анықтап көрсетеді:

1.Рахауи: Субх-иказиб (Күншығар алдында бір сәт пайда болып кейін жоқ болып кететін мезгіл)

2.Хусайни: Субх-иСадык (таңсәрі);

3.Раст: Күннің екі (найза) бойы көтерілген уақытта;

4.Бусауи: Уақт-иДуһа (құс мезгілі);

5 .Зиргүла: Нысфа’ннахар (шаңқай түсте);

6.Ушшак: Вакт-ы зухур (Түс мезгілі);

7.Хижаз: Байна’с салауатайн (екі намаз арасында);

8.Ирақи: Уакт-и аср (Кешкі уақыт);

9.Ысфахан: Уакт-и Ғуруб (Күннің батар кезі);

10. Науаи (Науа); Кешкі намаз уақытында;


11. Бүзүрк: Құптан уақытынан кейін;

12. Зирафкенд: Уакт-и наум (Ұйқы уақытында) [176, 228 б.].

Фараби бұл мақамдарды негізгі 4 элемент және жұлдыздармен үндестірген болатын: Иегахтың от элементі Тоқты жұлдызына, Расттың су элементі Тауешкіжұлдызына, Ирактың ауа элементі Таразы жұлдызына, Аширанның топырақ элементі Шаян жұлдызына тән екенін айтқан.

Фараби мақамдардың планеталармен үйлесімділігін былайша көрсетеді:

1-Науа: Зухраға Сатурн тән, Хусайни одан туылады.



2-Бусауи: Мүштериге Юпитер тән, Гавашт одан туылады.

3-Ирақи: Күнгетән, Исфахан одан туылады.

4-Зирафкенд: Хырдқа Марс, тән, Нихаванд одан туылады.

5-Раст: Мерихқа тән, Меркури“Ушшақ”одан туылады.

6-Нигар: Зухраға тән, Венера“Зирафканд” және Бүзүргодан туылады.

7-Рахави: Айға тән, “Бестинигар” одан туылады.

Фараби философиясында болмыстың құрылымы мен музыка құрылымы арасында ерекше аналогия бар. Бұл жағынан Фараби музыканы да басқа да ғылымдар секілді “барша болмыстың мәнін” анықтайтын ғылым ретінде санайды.

Музыка өнерінің маңызын Фараби әсер мен шағылысу арқылы тыңдаушыларға берілетін әсерлеріне қарай типтерге бөліп қарастырады. Себебі оның музыка түсінігінде саздың адамға әсері мен қабылдануы маңызды. Өйткені адам музыка арқылы өзінің ішкі әлемін паш етеді, түсіндіреді. Дәл осы сияқты бидің, өлеңнің әсерімен де адам рухының тереңдігіне бойлауға болады. Міне бұлар адам санасының, моральдық және рухани кемелденуіне ықпал етеді. Музыка өнерінің маңыздылығын Фараби қоғам мен мораль философиясы тұрғысынан да түсіндіреді. Бұл жерде музыканың рөлі “парасатты елдің” этика және эстетикалық мұраттарын қалыптастыру және адамның рухани тәрбиесіндегі кемелдігінде, көрсететін ықпалында жатыр. Себебі, әуен, саз адамның жан дүниесіне тікелей әсер етеді. Сонымен музыканың мақсаты адамның ақиқатқа және соңғы бақытқа жетуі жолындағы кемелденуінің жүзеге асырылуына көмектесу. Негізгі мақсат Алланы тану және Оған ұқсап бағу.

Д. ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ

Қайрат Лама Шариф,
СІМ Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі

«әл-Фарабидің ізімен» атты халықаралық экспедиция 2020 жылдың наурыз айында ұйымдастырылады. Аты айтып тұрғандай, экспедиция мүшелері Түркістан, Отырардан бастап Ташкент (Шаш), Самарқанд, Бұхара, Мерв, Нишапурге дейінгі барлық көне қалаларға барады. Ташкент, Ашхабад, Тегеран қалаларында үлкен халықаралық конференциялар өтеді. Өзбек, түркімен, иран ғалымдарымен бірлесіп, бабамыздың еңбектерінің құндылығы, өміршеңдігі туралы тақырыптарды қозғаймыз. Экспедицияға қазақстандық фарабитанушы ғалымдар, әртүрлі түсірілім топтары қатысады. Мерейтойдың ең ірі шарасы – 18 қарашада «философия күні» Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өтеді. Ол жерде әл-Фарабидің Әлемдік өркениеттегі рөлі туралы сөз қозғалады. Тағы бір айтулы басқосу «Бірінші ұстаз» атанған Аристотелдің отаны Грекиядағы Саяси және әлеуметтік ғылымдар «Пантеон» университетінде халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Әл-Фараби бабамыз - 70 тілді, соның ішінде грек тілін де еркін сөйлеген полиглот энциклопедист ғалым болған. Қазұу Мысырдың Әл-Azhар және Каир университеттерімен бірлесіп, әл-Фараби энциклопедиясын жасауды қолға алды. Қазақ және араб тілдерінде шығатын энциклопедия әлем халқына күзде таныстырылады. Бүгінге дейін жазған барлық трактаттары, қолжазбалары бір жерге жинақталады деп үміттенеміз. Қазірдің өзінде бұл іске елордамыздағы көптеген шетел елшіліктері ат салысуда. Олар өз елдеріндерінің әл-Фарабиге қатысы бар деректерді бізге жіберуде, біз оларды фарабитанушы ғалымдарға зерделеуге берудеміз.

2020 жылы 20 қазанда Біріккен Араб Әмірліктерінде дүниежүзілік ЭКСПО көрмесі өтетіні белгілі. Көрменің тақырыбы «Ақыл-ойды біріктіріп, болашаққа бірге барайық!» деп аталады. Айтарлығы, көрменің тақырыбы әл-Фараби бабамыздың ой-арманымен өте ұқсас. Себебі, бақыт тақырыбын осыдан 11 ғасыр бұрын Әбу Насыр әл-Фараби көтерді. «Бақытқа апаратын жол», «Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарасы» сияқты әйгілі трактаттары бар. Сол себептен, біз Дубайдағы көрмеде Қазақстан павильонында әл-Фараби орталығын ашып, пәлсапалық ойларын, нақыл сөздерін түрлі тәсілдермен халыққа жеткіземіз келеді. 2020 жылы қараша айында Дубайда өтетін дүниежүзілік үкіметтер саммитінде пленарлық отырысты ұлы бабамыздың мұрасына арнаймыз деген жоспарымыз бар. Біріккен Араб Әмірліктері 21-інші ғасырда Бақыт министрлігін ашқан бірінші ел болып саналады.

Алдымен дұрыс нәрсені тану керек. Дұрысты танысаң бұрыс та танылады. Бірақ алдымен бұрысты танысаң, дұрысты тануың неғайбыл.

Әл-фараби



ФАРАБИ ТАҒЫЛЫМЫ


ФАРАБИДІ тани алдық па?



1. Тану деген білуден бөлек категория. Біз әл-Фарабиді білеміз. Бірақ тани алдық па? Меніңше әл-Фарабиді әлі толық тани алмадық. Мұның бірнеше себептері бар. Жалпы Фарабитану әлемде соңғы бір жарым ғасырлық уақыт ішінде, қайта бой көрсеткен тақырыптардың басында келеді. Әсіресе Батыста, мемлекет пен дін, философия мен ғылым, ғылым мен дін, теизм мен атеизм, экзистенциализм мен болмыс туралы пікірталастар ушыққан кезде, Фараби мұралары сұранысқа ие болды. Бұл құбылыс КСРО ғылымына да әсер етпей қоймады. Яғни, кеңестік идеология да әл-Фарабидің еңбектерін аударып, елеп, өз мүддесіне қолданғысы келді. Белгілі шаблондар...атеист, деист, материалист деген сияқты үкімдермен қолданды да. Мысалы, өзбекстандық ғалым, академик М.М. Хайруллаев өзінің «Абу Насыр Фаробий» және «Мировоззрение Фараби и его значение в историй философии» деген» еңбектерінде, әл Фарабиді утопист, деист, материалист ретінде танытып, «Қайырымды қала» туралы тұжырымын «платондық утопия» деп анықтады. Оның «Метафизикаға» қатысты тұжырымдарын көшірме, «Аналитикасын» Аристотельдің комментарийі ретінде бағалады.

Әл-Фараби еңбектері мәтіндерінің мақсатқа сай келмейтін тұстары алынып тасталып, «жұлма-жұлма» күйде аударылды. Дегенмен 1974 жылғы Қазақ Совет энциклодепиясында әл-Фараби туралы танытқан матерал орын алды. ҚР ҒА философия институты Әл Фарабидің «Философиялық трактаттарын», А. Машани «әл Фараби/тарихи-деректі кітап»; А. Көбесов «әл Фараби» және «Сөнбес жұлдыздар»; А. Қасымжанов «әл-Фарабидің математикалық мұрасы»; Н. Төреқұлов «әл Фарабидің әдеби мұрасы»; Ә.Дербісәлі «Шыңырау бұлақтар» мен «Қазақ даласының жұлдыздары»; А. Нысаналин, «Трактаттар және өлеңдер» аудармасын жасаса, Д. Досжанов және Ш. Хұсайынов «әл Фараби» тақырыбында повесть, пьеса жазып, тағы басқа ұлт зиялылары әл Фарабидің жоқтаушысы бола білді. Дегенмен бұл танулардың көбісі кешегі кеңестік идеологияның шекпенінен шыққан болатын.

Тәуелсіздіктен кейін де «Фарабитану» бөлімдері, орталықтары ашылды. Мен өзім ҚР Философия және саясаттану институтынан сол кездегі Мысыр президенті, Х. Мүбарактың Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа



арнайы көшіріп, түптеп, бірнеше том жасап берген «Әл Фараби еңбектерінің қолжазба көшірмелерін» көріп, сол еңбектердің қазақша баламасын жасап бергенмін. Ол қолжазбалардың қазіргі тағдыры маған беймәлім. Осы институтта кезінде Ә. Нысанбаев жетекшілігімен «әл Фараби конгресі» Алматы және Анкарада да ұйымдастырылды. Сондай ақ, Әл Фараби атындағы Ұлттық университетінде Фарабиге қатысты конгрестер, симпозуимдар, конференциялар жүйелі өтіп келеді. «Мәдени мұра» бағдардамасы аясында да Фараби мұралары қазақ тіліне аударылды. Бұл да толық, жүйелі емес, ішінара еңбектері ғана таңдалып алынды. Бұлардың барлығы негізінен «Фарабиді» тануға деген ізгі тілектен туған амалдар. Бірақ оны толық тани алдық деуге келмейді. Фараби мұралары әлі толық қазақ тілінде аударылып біткен жоқ. Оның мұраларының құндылықтық қолданбалы қырлары, маңызы мен мәні туралы жүйелі зерттеу нысанына айналмады. Бірақ осы жерде Фарабитануды жаңаша сатыға көтеріп келе жатқан Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова, Самал Абайқызы Төлеубаева, Даукеева сияқты зерттеуші қыздарымыз да бар. Көрдің бе, құндылыққа алдымен, қыздар құштар келеді...

2. Біз Фарабидің мұраларын толық меңгере алмадық. Сондықтан оның қай қыры танылды, қай қыры ескерусіз қалды деген мәселеге әлі ертерек. Дегенмен, аузымызды қу шөппен сүрте бермей, Фарабидің мемлекет туралы тұжырымдарын бүгінгі егемен елдің игіліне ғылыми таным тұрғысынан талдап ұсынсақ деген үмітім бар. Расында мемлекет теориялары да өзгерген. Бірақ, мемлекеттілік деген тарихтың үш қабатын тұтас алып жатқан, саяси сана болғандықтан, Фараби мұралары бүгін де өзекті. Мысалы, Фараби: «Мемлекет бір ғарыш, ол басқарушы, басқарылушы және құқықтан тұрады. Ал құқық әділетке негізделу керек» деген тұжырымының күні өткен деп кім айта алады?

Фарабидің «Парасатты ел» тұжырымдарының ұстанымдары мен идеясы, мақсаты мен қызметтері, негіздемелері мен тұғырлары да өміршең, себебі, онда Алла, әлем және адам арасындағы байланыс сипаттамалары түсіндірілген. Ең басты мұрат – бақыт, ия кәдімгі адам бақыты. Бұл да бүгінгі біздің конституциямызда айқын көрініс тапқан. Бірақ біз бұдан бақытты болып кеттік пе?

Ешнәрсе өз-өзінің себебі бола алмайды. Өйткені себептің өзі болған нәрседен бұрын келеді.

Әл-фараби



Сондықтан бақытқа жетудің жолдары деген Фараби даналығына әлі күнге зәруміз.

Дін мен ғылым, мемлекет пен дін қатынасында да осы Фараби салған сүрлеуге мәжбүрміз. Интеллект, яғни сана жіктемесі мен қызметтері, танымдық қабаттары мен ерекшеліктері, өзіңді тануға ғана емес, тұтастай қоғамтануға, әлемтануға, құдайтануға үндеп отыр. Үндестік пен үйлесімділік ұстанымы тек қана құқықтық нормалармен ғана емес, моральдық, философиялық, аксиологиялық, танымдық, психологиялық, экономикалық, өнер, діни, ғылыми, саяси-басқарушылық тетіктерді де бірге игеруге мәжбүрлегенде Фарабиге жүгінбегенде кімге жүгінеміз?

Мемлекеттің баюы үшін де ғылым шарт дедік. Бірақ қандай ғылым? Осы мәселе де ғылымдардың мәртебесі мен жіктемесінде тарихымызда жалпы адамзат тарихында Фарабиден асып негіздеме жасаған ойшыл бар ма?

Фараби метафизика, логика, философия, дін, поэтика, риторика, музыка, математика, астрономия, тіл, саясат, мораль, құқық т.б. сан салаға қалам тартқан ойшыл, философ, ғалым. Жалпы оның артына қалдырған 150 ге жуық рисалалары бар. Солар толығымен қазақ тіліне аударылса, бұл да жетістік болар еді. Бұл біздің Фарабиді білуімізді, сосын тануымызды, содан кейін барып, оның мұраларын «менікі» деп сезінуімізді жеңілдетіп, тездетер ме еді деген ой келеді.

3. Фарабиді және ислам перипатетизмін сынаған, мутакаллим, ойшыл Ғазали болатын. XII ғасырда «Тahафут ал фаласифа», яғни «Философтардың адасуы» деген трактатында, үш мәселе бойынша күпірлікпен күстаналаған. Ол жерде жалпы философтарға бағытталған жиырма шақты сын бар. Ол сын кейіннен Ибн Рушдтың «Тahафут ат тahафут» еңбегі арқылы түбегейлі сынға ұшырады. Мәселе, адам мен Алла қатынасы, ондағы ұғымдық, концептуалдық комментарийлер мен ұстанымдар туралы болды. Фараби барлық рисалаларын «Бисмиллаh» деп бастаған ойшыл. Ол діндар. Ол дегдар. Ол моралист. Ол философ. Ол мәселеге ислам әлемі деп емес, адам әлемі деп қарады. Сол арқылы ислам әлемін жаңа сатыға көтерді. Батыс,



исламның өркениеттік әлемін мойындады. Исламнан үйренуге мәжбүр болды. Фараби қазір, Батысқа Аристотель мен Платонды сүйдірген, танытқан, жаңаша ұсынып, түсіндірген ойшыл ретінде танылады. Батыс ойшылдары, бүгін Батыс өркениетінің негізінде «Аристотель мен Платон» тұжырымдары жатыр деп топшылайды. Ал исламға дейін, Фарабиге дейін олай ойлай алмады. Себебі, Батыс әлемі, Христиан теологиясы ноқталауында қалған болатын. Бұл енді ұзақ әңгіме...Мағрибте, Ибн Рушд бастаған толқыннан әсерленген, Фома Аквинскийлерден бастап Гегельге дейін Батыс ойлау жүйесіндегі сілкіністің артында осы Фараби жатқандығын айтуға болады.




Ал ислам әлемі Фараби мұраларына Ғазалиден кейін ақ, XIII ғасырдан соң қызығушылығын тоқтатқан. Содан бастап, ислам әлемі ғылымнан, эпистемиологиядан, философиядан, ғылымнан шегіне бастады. Аяғында жаппай отар елге айналды. Оны тарихтан білетін боларсыз. Сондықтан Фарабидің ислам әлемі, оның дін мен философияны, ғылым мен дінді, саясат пен дінді, мораль мен дінді, адам мен дінді, Алла мен дінді тұжырымдауынан көруге болады. Ең басты орында адам және оның санасы тұр. Бұл ойлар Фарабидің «Китаб ал милла» яғни «Дін туралы трактатында» орын алған. Алла мына әлемді адам үшін жаратқан. Адам бірінші орында тұр. Адамға адамдығын есіне салатын, таным, түсінік, теория, шаблонға қарағанда «ұстаз адамның», «үлгі адамның» ықпалы қуатты болады. Міне осы тұжырымға сай ол Хз. Мұхаммад пайғамбарды, адамзаттың тұңғыш ұстазы, «Раис ал ауал» ретінде түсіндіреді. Бірақ өкінішке орай, Фарабиді сол баяғы Ғазалидің сүрлеуімен, мушрик ретінде танып, сайттарында жариялап жүрген, салафи «ахилар» біз де де жеткілікті. Қарағанды қаласында, 2016 жылы бір сайтта Фарабиді күпірлікпен күстаналапты. Оған да жауап жаздым кезінде. Сосын бір әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің философия бакалаврын, магистратурасын бітірген тағы бір «ахи» да Фарабиді сол Ғазали шаблонымен танытып, философиясыз дін жеткілікті деп жар салып жүр... Жалпы Фарабиді тануда салафи сана басты кедергі. Себебі ақыл ойды ноқталайтын салафилік платформа бізде қалыптасып үлгерді..

4. Рас, Фараби біздің топырақта дүниеге келді. Оны біздікі деуіміз орынды. Оған ешкім таласа алмайды. Бірақ өз кеңістігімізде дүниеге келген данышпанның мұраларын өзің емес басқалар саған танытса, намысың келе ме, келмей ме? Әрине Фараби барша адамзаттың ойшылы. Фараби Батыстың да, Шығыстың да философы. Мен Фарабиді тек қазақ ғана емес, барша адамзат игіліне жаратса деген позициядамын. Сондықтан кешегі ғана емес, бүгінгі қазақтан да Фарабилер шығуын қалаймын.

Тағы бір мәселе айтып кетейін, біз «Фараб» деп қазіргі Отырар ауданымен шектелеміз. Расында тарихта олай емес, Фараб деп, Алатау мен Қаратаудың қиысқан жерінен бастап, сонау Аралға дейінгі аймақты атаған. Бұл аймақта елу алты қала/қорған болған. Бұл қалалар түркі ислам өркениетінің алтын бесігіне айналған мекен. Бұл мекен бүгінгі Сыр мен Қаратаудың арасындағы табиғи қорғанда орналасқан. Міне Фараб деген «табиғи қорғалған, яки табиғи қорған, оазис» ретінде ислам географиясында үш жерде кездеседі. Сондықтан бүгінгі «отыз Фараби», «жиырма исфиджаби», «сығнақилар» барлығы осы тарихтағы елу алты қала кіретін әйгілі Фараб аймағының ұландары.

Досай КЕНЖЕТАЙ,
профессор, философия және
теология ғылымдарының докторы



Жақсы адам өлгенде артынан жылама, қайта сол жақсы адамынан айрылған қоғамға жылағын.

Әл-фараби

Бауырым менің, кикілжіңнен аулақ бол...

Қашықтасың туған жер - қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен.
Қанатым талды менің,
Шаңқыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке куллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түнереді.

Кайтейін мен көкжиек кеңдігімді.
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым.

Бір шөлмекте көк сия толып турса,
Екіншіде - шарап бар жайы мәлім.
Даналықты сиямен толықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.

***

Тамылжып бал тыныштық айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын ұйқысыз жапа жалғыз
Жанымды ой жарығы аймалаған.

Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің нұрлы бейнең болып кеудеме енер.
Әлде қайда ғайыптан ынтазар ғып,
Өмірме бір ғажап сәуле берер.

Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,
Сезініп мен деміңді гүл атқанмен
Оның өзі бір-ақ сәт... содан кейін,
Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен...

***

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма
Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен
Таңда да ал дос, өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.


***

Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтан бейне тартылған.
Сап болып жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне
Қайыспай тұрса нар тұлған.
Сонда беріп кетеміз молында,
Армандап аңсап өтеміз,
Біз ұлы мұрат жолында.

***


Бауырым менің, кикілжіңнен аулақ бол,
Әділетті, шындығы бар жерге қаш.
Өмір саған мәңгі-бақи пана емес,
Жазмыштан тыс қалар пенде жоқ.

Жұмыр басты қоқырсықты қызғанып,
Күндес болар жақынымен тілдесіп.
Біз бір ұрық тамшысы, басқа кімбіз?
Басынан бақилық, сәтсіздік кетпеген.
Аспан орнында, жаратылған түрінде,
Жер ортаға түскендей әбігерге жол бол-сын!?



ӘҒСАНА

ФАРАБИ туралы АҢЫЗДАР



ҰСТАЗ

Ұстаз бақшада, бір ағаштың түбінде көлеңкелеп отырған еді. Оған шәкірттері келді. Ол достарын көріп, қуанып кетті. Қайраттанып басын көтерді. Достарының ішінде өз елі Қыпшақтан келген жігіттер де бар еді. Олармен !л-Фараби өз ана тілінде сөйлесіп, ел-жұртын сұрап, қуанып қалды. Әлден уақыттан соң Әл-Фараби басын көтеріп:

-Достарым, Аристотель Платонның шәкірті болғаны естеріңде болсын. Аристотельдің Платон еңбегі жөнінде айтқандары тек одан кеткен кемшіліктерді түзету ғана болған. Ерегіс қозған жерде шындық таяқ жейді. Осы ойменен мен екі ұстаздың арасына «елшілікке» жүріп, екеуін ымыластыруға шақырып отырмын. Осы жазғандарымды Әбубәкірге (Ирандағы Рази ғалым) апарып беріңдер, - деді.

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН ҚОРҚЫТ

Әл-Фараби туған жерінен келген шәкіртіне өзінің шығарған ән-күйлерін жазып берді. Өзінің қолынан жасаған музыкалық аспаптарды сыйлады. Қолына қобызды ұстаған кезде Әл-Фарабидің ойына қорқыт түсті.

-Мен де оны ұғамын, дыбыстың керемет күшіне мен де сенемін. Желмаямен жаһан кезіп, қобыз алып, күй тартқан Қорқыт осы үннен ажалға айла іздеген екен. Мынау музыка туралы еңбекті соған апарып беріңдер. Осы еңбек те, оның күйі де мәңгі жасайтын болады. Ажалға айла деген сол болар, -деді Әл-Фараби.

Әл-Фараби – өз заманында асқан музыкант, тамаша орындаушы, композитор, музыкалық аспаптар жасайтын шебер, музыканың тарихын, теориясын, орындау әдістерін түгел білген адам. Оның өзі жасаған «канун», «қыпшақ» атты аспаптары болған.

Адамдардың бір-біріне көмектесуін мақсат еткен ел, ізгі, кемелденген ел болып табылады (парасатты қауым).

Әл-фараби



ҚАЙТАЛАУ – БІЛІМНІҢ АНАСЫ

Адам баласы тарихын зерттеп жүрген бір оқымыстының қолына Аристотельдің «Даңқ туралы» деген кітабы түседі. Тарихшы кітапты аяғына дейін ақтарып шығады. Кітаптың соңғы бетінен: « Мен бұл кітапты жүз мәрте оқып шықтым» деген жазуды көреді. Сөйтсе мұны жазған Әбунасыр Әл-Фараби екен.

Әбунасыр ылғи да қолынан тастамай Аристотельдің «Физика» аталатын кітабын оқып жүреді. Бір жолдасы: Бұл кітапқа неге сонша қадалып қалдың?– деп сұрайды.

Сонда Әбунасыр: «Бұл кітапты қырық мәрте оқып шықтым. Сөйтсе де тағы оқып шығуым керек. Өйткені әлі толық ұғынып болған жоқпын» - деп, түсіндіреді. Әбунасыр еш уақытта қолына алған кітапты бір не екі мәрте оқып қоя салмаған. Мағынасын толық түсінгенше ерінбей-жалықпай оқи берген. Сөйтіп, кітапта айтылған жайлардың мағынасына ой жіберіп, жаңа ұғымдардың есігін ашып отырған. Сол есік арқылы өзі ішке кіріп, ғылым әлемінің таңғажайып сырларына қанған, гүлзарларын шарлаған.

ҰШҚАН ҰЯ ФАРАБ – ТУҒАН ЕЛІМ

«Ақсүйек болғанда халыққа не пайда келтіремін? Рас, билік те, беделде солардың қолында. Қаладағы әсем сарайлар да – солардікі. Ал қалаға жау шапса, жерасты жолдарының сыры соларға ғана белгілі. Олар сонда қазыналарын тығады. Өздері сонда жасырынып, жан сауғалайды», - деп ойлады Әбу Насыр. Ол Қорқыт дананың: «Бұлар халық қамқоршылары емес», - дегенін есіне алды.

-Мен адамзатты саналы өмірге апаратын нысана іздеймін, - деді Әбу Насыр тарханға. Оны тек оқу-білім арқылы табуға болады. Билік пен байлық мені бұл мақсатымнан тайдырады. Мен оқуға кетуге әлдеқашан бел байлағанмын. Сонда тархан айтты:

-Әкең өлер алдында маған: «Балам өзі қалаған жолмен барсын» деген еді. Мен уәде еткенмін. Сөзімде тұрамын. Жолың оң болсын! Мақсатыңа жет! Тек туған елің – Қыпшақ, оғызды, ұшқан ұяң – Фарабты ұмытпа!

-Ешқашан ұмытпаймын, - деді Әбу Насыр.

Өйткені туған елім – сүйенішім, болашағым әрі мақтанышым!

Ол жолға шығар алдында:


-Адамзат, саған саналы өмір сыйлау үшін жарық саңылау іздеп барам, - деді. содан соң: - Сырың аш, дүние! – деп жүріп кетті.

ПРЕМЬЕРА



Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу-Насыр Әл Фарабидің 1150 жылдығына тарту ретінде Шаяхмет Құсайыновтың «ӘБУ-НӘСІР ӘЛ ФАРАБИ» драмасына дайындық жұмыстарын жүргізуде. Аталмыш қойылымды сахналау үшін алыс-жақын шет елдерге танымал, елімізге белгілі, Ш.Айтматов атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, режиссер Қуандық Қасымовты шақыртқан болатынбыз. Қазіргі таңда осы жаңа қойылымға қызу дайындық жұмыстары жүруде.

Н. МАРАИМ



РОМАННАН ҮЗІНДІ

Алғашқы махаббаты

ӘНИДА

ӘБУ НАСЫРДЫҢ ҚЫПШАҒЫ - ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРАСЫ

...Әбу Насыр таң алдындағы әупілдектің құлақ құрышын қандырар махаббат ынтығына толы, сиқырлы әнін тыңдағанды жаны қалаған. Ұйқысы қандырып, төңірекке көз жіберетін де, бұлақтың тастай суына жуынып, басқа жұмысқа отырмас бұрын қолына қыпшағын алатын. Қос ішекті термелей отырып, әупілдек әніне құлақ тосқан күйде таңғы жұпар ауаны көкірегін кере жұтып, ойын бір арнаға түсіріп, өзінің жазбаларын жалғастыруға әзірленетін. Сайраған құстар әні оны көптен бері арман етіп жүрген музыка жайлы кітап жазуға итермелейтін. Қағаздағы музыкалық нота-ларды құстардың ырғақты саздарын ден қоя тыңдап, әр дыбысқа дәл анықтама беруге тырысатын. Музыка жайлы өзінің ойларын, түйгендерін қағаз бетіне түсіріп, оның тарихы мен теориясын жүйелеумен шұғылданған.

Әкесі Насырды жасық мінезді қағаз көшіргіш яки әркімге жарамсақтанып бәйіт шығарып біреуден алтын дирхем алса, біреулер жирене теріс айналатын өлеңші болып кете ме деп мазасызданатын. Ол санау жас шағында, заманның тынышында Отырардағы ғаламат бай кітапхананың ішін емін-еркін жайлап, сол уақытта музыкант болуды армандайтын. Арманына жетті де. Әбу Насырды әкесінің жасауылдары мұның қыпшағының үнін ұйып тыңдап, өзін құралайды көзге атқан ержүрек мерген деп сыйлайтын.

Тіл үйреніп, білім қуғанын қаласа да баласына қара күшке иек артар кездің де болатынын ұғындырғысы келетін. Не дегенмен білімнің аты білім де, күштің аты күш қой. Білімнің өзі де күшке қызмет етеді емес пе? Тіпті шаһардың басшысы да қылыштың қаһарынан именетін. Дүниені күшпен билеп, халықты қылышпен бағындырып ұстауға болады. «Әлсіз әлдіге бағынуы тиіс» деп Құранда жазылған. Сондықтан ұлы жаугер Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ ат-Түркі баласы Әбу Насырды шындық жолына салуды ұйғарған.

Адамның тоқымашы не хатшы болып тумайтыны тәрізді, қайырымдылық пен қайырымсыздық та жаратылыстан бойға өтпейді.

Әл-фараби



АЛҒАШҚЫ МАХАББАТЫ ӘНИДА...

...Әбу Отырардан жасырын қашуға мәжбүр болды. Өзінің сыршыл нәзік адал досы бұған үнемі жасырын келіп, сағаттар бойы баяу салған әндерін, алыс елдер туралы жұмбақ әңгімелерін ұйып тыңдайтын тері илеуші кедейдің қызы Әнидамен қоштасуға тура келді. Ол Әниданы елжіреп тұрып сүйетін. Отырардан кетерінде қызға қосылып өзі де жылағаны сондықтан. Бір жылдан кейін ең соңғы мыс дирхемдеріне Бұхар базарынан сатып алған кітаптарын арқалап туған жеріне қайта оралуы да Әнида үшін болатын. Алайда Әниданы кездестіре алмады. Оны байқұс әкесі бұқаша күжірейген қасапшыға сатып жіберген екен. Әбу кітап көшіретін көшіруші болып ақша табуға, сөйтіп Әниданы қасапшыдан сатып алуға бел буған. Бірақ оған шыдамы жетпей алып қашпақ болғанда қолға түсіп, қамауға алынып, өлім жазасына кесілгенде, бір кездегі Тарханның баласы болғандықтан тірі қалған. Осылай алғашқы махаббаты баянсыз болған.

ҒАШЫҒЫ БӘНУДІ ҚАЙ ҚИЫРДА ЖҮРСЕ ДЕ ҰМЫТПАҒАН

...Бәну – Әбу Насырдың Отырарда танысқан ғашығы, Шам шаһары билеушісінің қызы. Шам шаһарының атақты бекзадаларының бірі, әскербасы, бай парсыға тұрмысқа шыққанымен, ерте жесір қалды. Күйеуін Африкадан айдан әкелген құлдар сүйегі әппақ боп жататын сор батпақты құрғатып жүрген негрлер көтерілген кезде ұрып өлтірген.

Бәнуге үйленбесі айдан анық болса да, Әбу Насыр қай қиырда жүрсе де Бәнуді еш ойынан шығарған емес. Тіпті зынданда жатқанда да дүниенің барлық қиындығынан құтылу үшін бір сәт Бәнуді еске алғанда қиындық атаулыдан құтылатындай көрінген. Бәнудің «бәрі де өтер» деген сөзін көңіліне медеу санайтын. Оңашада өз ойымен арпалысатын. Ал Бәну Алланың атымен және өз махаббатының атынан «Егер дұшпан ұстазға қару жұмсаса, сен оған қалқан бол, егер ол соқыр боп қалар күн туса, қолынан жетелеп жүр, ол бұйырса, басыбайлы құлы бол!» деп Шамнан Әбу Насырды шығарып салып тұрып қарамағындағы Хасанға ұстазға қорғаушы болуды бұйырған.

АШЫЛАР ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ НЕГІЗІН САЛДЫ

...Сонау Бұхар мен Самарқанда және өзі туған Отырарда ол карматтардың бауыздалғанын, ақындардың соққыға жығылғандарын, ғұламалардың өлім жазасына кесілгендерін, саманидтер әміршісіне күдік туғызғандардың тегіс жазаға тартылғандарын өзі көзімен көрген. Туған өлкесіне қайтып оралып, Бағдадқа соқпай, айналып өтіп, өз махаббаты қалаған Шам қаласына тартқан. Талай рет бас тартса да, өмірдің соңғы деміне дейін көңілінен бір сәт шықпаған махаббаты болатын. Ол Меккеге жеткенше асыққан тәуеп етушілердің әңгімелерін, түнгі сұлулардың сазды әнжырларын, қаңғырған философтардың ғұлама сөздерін, кір жуушы қатындардың былапыт өсектерін, саудагерлердің қызылөңеш айтыстарын, құлдардың қасірет-мұңдарын, керуеншілердің өткен өмір туралы ертегі-аңыздарын тыңдап көше бойлап ұзақ тентірейтін, сондайда өзінің мұратсыз махаббаты жайлы, қылыштың күші мен сөздің қасиеті туралы, ән-күйдің сиқырлы сазы, тұрмыстың күйкілігі, тіршіліктің мәңгілік жалғаса беретіні жайлы ойлайтын...

Өз заманының ұлы ұстазы бола тұра, адамзат үшін Аристотель мен Сократтың, Платон мен Птоломейдің, Гераклит пен Гиппократтың ілімдерінің жаңа қырларын аша отырып, ол қаңғырған дәруіш күйде болды...

...Өзі туған өлкенің мәдениеті мен тарихының ең таңдаулы үлгілерін бойына сіңірген ол көне гректердің, иудалардың еңбектерін игеріп, парсылардың, үнділер мен арабтардың философиялық ілімдеріне қанықты, көне Қытайдың туындыларымен таныса отырып, өткен замандардағы данышпандардың ілімдерін дәйектейтін еңбектерімен қатар, өз кезіндегі белгілі ғылымдардың барлық саласынан да болашақта ашылар жаңалықтардың негізін салды.

Әнуар ӘЛІМЖАНОВТЫҢ
«Ұстаздың оралуы» романынан
ықшамдалып дайындалды.



ФАРАБИДІҢ нақыл СӨЗДЕРІ

Жақыпбек АЛТАЙ,
философия ғылымдарының докторы, профессор, фарабитанушы:

Баба рухына жасалып жатқан игі істер біршама. Қазіргі егемен елімізде түрлі жолдау-бағдарламалар аясында әл-Фарабиді насихаттау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде. Қазіргі таңда қазақ фарабитанушылар қатары біртіндеп өсуде және де бірқатар фарабитанушылар әл-Фараби мұраларын ауқымды түрде зерттеуде. Осы жылы, яғни 2020 жылы Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерей тойы ғаламдық дәрежеде тойлануда. Бір сөзбен айтқанда ЮНЕСКО көлемінде әлемнің басты елдерінде ғұлама жайлы бірқатар конференциялар, ашық есік күндері, өткізіліп, түрлі орталықтар мен ескерткіштер ашылып жатыр. Ең алдымен мемлекет тарапынан қолдау тапқан бұл бастаманы біз науқаншылдыққа салмауымыз қажет. Яғни біз ғұлама еңбектерінен өзімізге ғұмырлық ғибрат алуымыз тиіс.

Музыка адамның ең күрделі эмоциялық сезімін білдіруге қабілетті.

Адам өмір сүре бастағаннан-ақ жаратылысында болатын оның бойындағы қабілетке адам жүре келе ие бола алмайды. Адамның белгілі бір мінез құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет болады, ал әдет деп, белгілі бір әрекетті жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтады.

Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнерді үйренудің жолы сияқты.

Біз адамшылық жақсы қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін бір шама батылдық жасау арқылы немесе ұстамдылық көрсету арқылы жетуге болады. Бұл істерді болатын шектен тыс батылдылық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал, бұл – жаман адамгершілік сана. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады.

Ақшаны үнемдеуде және жұмсауда көрететін шамаға қарай жомарттық туады. Шектен тыс үнемшілдік және ақшаны кем жұмсау сараңдыққа соғады, ал, мұның өзі адам басындағы жаман қасиет. Шектен тыс артық жұмсау мен жеткілікті дәрежеде үнемшіл болмау ысырапшылдыққа соқтырады. Осындай адам басындағы қасиеттерден келіп, тиісті әрекеттер турады.

Рахатты шамамен пайдалану нәпсіге ұстамдылық жасау арқылы келеді: ішіп-жемге, әйел жынысына ұстамдылық. Осы рахатқа шектен тыс берілу тойымсыздыққа, қомағайлыққа соқтырады, ал бұлардың жетімсіз болуы рахатшылдық сезімнің жоқтығын көресетеді, мұның өзі жазғыруға лайықты қасиеттер.

Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да – игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.


Әл-фараби



ӘУЕСҚОЙЛЫҚ


ӘЛ-ФАРАБИДЕН ӘЛИХАНҒА ДЕЙІНГІ

АРДАҚТЫ АҒАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕРМЕГІ



Әрбір адамның аңсары ауып, жаны құмартатын әуестігі бар. Бірақ, осының мән-мағынасына онша бойлай бермейміз. Егер, арнайы зерттеу жүргізсе, Қазақ елі тұрғындарының белгілі бір пайызының қандай қосалқы іспен шұғылданатынын анықтауға болар ма еді?.. Әйткенмен, ондай есептің уақыты жете қойған жоқ-ау. Сондықтан, мұндайға «халық санағын жүргізу кезінде біршама көз жеткізіп қалар ма едік», деп те ойлап қоясың. Мұндайда жаңа заман адамының әлгіндей «ерігуге» уақыты жетпейтіні де еске түседі. От ала қашқызғандай қарбалас тірлік артық қимылға мұрша бермейтіні рас. Жас ұрпаққа, тіптен, қиын – күнбе-күнгі ауырлап бара жатқан сабақтарынан бөлек мектептегі түрлі үйірмелері мен секцияларынан артылмайды. Одан қит етсе смартфонына жармасады. Сөйткен, көпшілігінің «ермегі» осымен тәмәм... Халықаралық тілде «хобби» делініп жүрген әрекетке белгілі ақын-жазушыларымыздың, жалпы өнер адамдарының жуықтығы қызықтырады. Сол арқылы-ақ, бұ кісілердің шығармашылық лабораториясының талай қырын аңдар едік.

Ал, назар аумағын біршама кеңейтіп, тарихқа тереңдей түссек, Әбу Насыр әл-Фараби сынды ұлы тұлғаларымыздың бүкіладамзаттық масштабтағы теңдессіз қызметі арасында бір сәт сергіп, атқа мініп, туған табиғатпен етене қауышып, саят құрып, суға жүзіп немесе ас пісіріп... шабыт шыңдауға уақыт тауып отырғанын байқаймыз. Және сондай «әуестіктің» өзін халықтық мүддеге ұтқыр ұластырғанын көреміз. Мәселен, жетпіске жуық тіл біліп, астрономия, философия, логика, этика, метафизика, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларында 150-ге тарта трактат жазып қалдырған әл-Фараби бабамыздың өз қолымен қобыз, домбыра аспаптарын жасаған шеберлігіне көз жеткіземіз. Әмбе соларды керемет тартқан орындаушы, композитор, ақын екендігін білеміз. Кейбір әдебиеттерде



ғұлама ғалымның қобыз сарыны арқылы адам емдегені айтылады.

Таңғажайып қабілетімен әлем ғалымдарын тамсандырған осынау ұлы ойшылдың бейнесі келе-келе өз жазушыларымыздың да қаламына арқау болғаны мәлім. («Аққан жұлдыз», С.Мұқанов; «Ақын арманы», Д.Әбілев; «Ұстаздың оралуы», Ә.Әлімжанов; «Фараби», Д.Досжанов; т.б). бұларда да асқан оқымысты бабамыздың ұлттық музыкаға қатысты қырлары қамтылады. Мысалы, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романында «Фарабидің екі шекті домбырасындай сиқырлы екен» дегендей жол бар. Реті келгенде айта кетейік, ұлттық-фольклорлық анмабльдерде кең қолданылып жүрген сазсырнай аспабы кейінде табылған әл-Фарабидің «Үлкен музыка кітабы» деректері бойынша жасалғанын көпшілік біле бермеуі мүмкін...

Сол секілді, бастауыш білімді қазақ, қыпшақ-шағатай, араб және парсы тілінде алған Шоқан Уалихановтың да әуелден музыкаға бейім болғаны айтылады. Ал оның бейнелеу өнеріне деген алғашқы сабақтары Аманқарағай округіне жиі келіп тұратын орыс саяхатшылары: географтар, топографтар, суретшілерден басталады. Елгезек, алғыр бала осыларға қатты еліктеп, өз бетімен көп машықтанады. Әсіресе оған шығыстанушы, суретші А.Сотников орасан ықпал етеді. Кейін Омбыдағы кадет корпусында көркемсурет пәнінің оқытушысы Н.Померанцев жас Шоқанды үйіне ертіп әкетіп, талмай баулиды. Әуелгіде жұмысты қарындаш пен тушьтан бастаған ол біртіндеп су бояумен жұмыс істеу құпияларын меңгереді. Солайша, біртіндеп шеберлік шыңына көтерілген ол, Қазақ даласының небір әсем көріністерін бейнелеумен бірге портрет жанрын да керемет меңгеріп шығады. Мұнымен қатар, табиғаты әсем өлкеде туып өскен Шоқанның ертеден қалыптасқан үлкен саятшылығы, аңшылыққа әуестеніп, құс салып, ит жүгіртуге бейімдігі, өсімдік дүниесін жетік білуі алдағы атақты саяхаттарында, Қашқар сапарында, Батыс Қытай мен Шығыс Түркістан халықтарының, ұйғырлар мен қырғыздардың мәдениеті, әлеуметтік құрылымы, географиясы, тарихын зерттеп, орасан материал жинауда зор пайдасын тигізеді. Одан соң, Шоқан ғажайып журналист еді. Әлкей Марғұлан әділ бағалағанындай, Шоқан күнделіктерінің өзі көркем очерк стилінде жазылған...

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың да ірі журналист, этнограф екенін білеміз. Бізді елеңдеткен бір әңгіме оның бағбандығы жөнінде еді. Қазіргі Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданында туған ол кейін Ресейде тұрғанымен, атамекеніне жиі оралып соғады екен. Өзі кезінде немере ағаларымен бірігіп осындағы Тоқырауын өзені жағасына қайың егіпті. Күндердің күнінде сол ағаш тоғайға айналады. Кейбір деректерге қарағанда, «Ақтоғай» атауы осыған орай пайда болыпты. Көзі қарақты оқырман білуге тиісті, кейбір кітаптарда Әлиханның марқұм әкесі мен ағасының зираты басына тіккен екі алып еменнің фотосуреті көрініс беріп қояды. Сөйтсек, оны Әлекең жас көшет түрінде Оңтүстік Американдан алдырып, отырғызған көрінеді.

Тағы бір алаш серкесі Ахмет Байтұрсынов фотограф және композитор ретінде танылған. А.Затаевичтің айтуы бойынша, ол шебер домбырашы, әрі тәуір әнші. Зерттеуші «Қазақ халқының мың әні» еңбегінде: «Ахмет Байтұрсынов өз халқының әндерін жақсы біледі және оларды тамаша орындайды. Қазақ елінің тарихын, этнографиясын, тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын терең білгендіктен , ол Торғай, Ақтөбе, Бөкей ордасы, Қарқаралы өлкесінің әндерін жазғанда маған көп жәрдемдесті, тамаша екі күйді тіпті өзі орындады» деп жазады.

Мағжан Жұмабаев та он саусағынан бал тамған шебер екен. Қолөнер бұйымдарын керемет жасаған. Әсіресе, қамыстан себет тоқуға бейім болыпты. Кейде ол себеттерді сатып, тұрмыстық қажет өтеген. Ағаштан түйін түйген Мағжанның қолынан шыққан бұйымдарына жолдастары да қатты қызығып, жоғары бағалап, тапсырыс беріп отырыпты.

Марқұм ақын Дихан Әбілев болса, Жүсіпбек Аймауытовтың ісмер етікші екенін тамсана әңгімелер еді...

Құлтөлеу МҰҚАШ,
жазушы

Адамның жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туабітті мүмкіндігі мен қабілеті қарымы жетеді.

Әл-фараби




РУХ САУЛЫҒЫ

ӘЛ-ФАРАБИ ӨНЕГЕСІ

Әл-Фарабимен алғаш бастауышта оқып жүргенде таныстым. Әдебиет оқулығында ол жайлы бірнеше әпсана берілген екен. Бірден бас алмай, құмартып оқып шықтым. Аңыздың астарында шындық жататыны анық қой. Оның ғибраты маған қатты әсер етті. Сол кезден Фараби тұлғасына деген құрметім оянды. Ол мен үшін «идеал» тұлғаға айналды. Жетпістен аса тіл білген, қай ғылым саласында болмасын, өшпес із қалдырған, жер мен көктің сырын терең түйсінген ғұлама барлық бала үшін үлгі-өнеге бола алады, әрине. Дегенмен мені ерекше тебіренткені, оның өнерлі бір жігітке кездейсоқ жолығып қалып, өзіне шәкірт етіп алуы, онымен қоймай, күніне төрт дирхем беріп тұруы еді. «Кейін сол жігіт атақты бір ғалым болып шықты» деп аяқталатын бұл хикая. Бұл жайт бейсаналы түрде нағыз ғалымға тән қасиетті меңзейтіндей еді. Ғылым мейірмен өрбігенде ғана шын жемісін беретінін ұқтыра түсетін...

Кез келген дананы танудың кілті – оның жастайынан нәр алған бұлақ-бастауын зерделеу. Тұран өркениетінің ошағына айналған Отырар шаһарында туып-өскен Әбу Насырдың жүрегіндегі ғылым қуатын оятқан байырғы бабалар жыры мен ақиқат дін сырлары екені даусыз. Осы қуат оның талабын түлетіп, Бағдат, Шам сынды ғылым-білімнің жалыны маздаған ілім ордаларына жетеледі. Әлемнің хикмет құмар данышпандарының ой маржандары мен асыл сөздері жинақталған кітапханаларда жылдап отырып, тірнектеп ғылым жинауына ұйытқы болды. Сан алуан ғылым саласын меңгеріп, екі жүзге жуық трактаттар жазуына жол ашты. Бұлардың игілігін бүгінге дейін Батыс, Шығыс елдері тең көріп келді. Әл-Фараби ілімін бағдар етіп алған елдердің дамуға бет алып, әлемнің көшбасшысына айналып отырғаны шындық. Оның астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия саласына арналған еңбектерінің сол кездерде-ақ көптеген тілдерге жаппай тәржімалануы бүгінде өзінің өнімін еселеп беріп жатыр. Фарабидің философия, музыка теориясы бойынша жазған еңбектері әлемнің ең мәндайалды оқу орындары, Оксфорд, Кембридж, Йель, Гарвард университеттерінде арнайы оқулық ретінде оқытылады. Батыста мұсылман Шығыс ғылымы дегенде, ең алдымен, әл-Фарабидің еңбектері ауызға алынады. Оның шығармаларындағы тұжырымдар, теориялар Батыс елдерінің, дамып, өркендеуіне тікелей әсер етті.

Әрине, оның ілімі мен мұралары өзінің туған топырағын да қанша ғасыр бойы гүлдендіріп,



көркейтіп келді. Тұран топырағындағы «Мир-араб», «Көкілташ», Қарнақ медреселерінде, Османлыда бір кездері әл-Фарабидің «Сананың мәні», «Қайырымды қала тұрғындары көзқарасы», «Бақытқа жету» кітабы, «Музыканың ұлы кітабы», «Поэзия өнерінің қағидалары» рисалалары пән ретінде оқытылды. Медресе-мектептерден тәлім алып шыққан түлектер елші, билеуші, ақын-жырау, би-шешен, дәрігер болып, халықтың рухани танымы мен санасын көтеруге белсене кірісті.

Бір ғана «Музыканың ұлы кітабындағы» ғылыми қағидалар Анадолы өлкесіндегі Селжұқлы ауруханаларында жан сырқатына шалдыққан кісілерді емдеу үшін қолданылды. Психологиялық дертке ұрынған адамдардың бәрі осы кітапта жазылған үлгіде әуендерді жүйелі тыңдап, шипа алып, құлан-таза айығып шыққан. Қазіргі кезде Түркияның Қайсері қаласындағы Селжұқлы мұражайында музыка терапия жайлы егжей-тегжейлі мәлімет беріліп, «Музыканың ұлы кітабындағы» мақамдар мен сарындар жазылған. Бұл жайт осы ілімнің әлеуеті әлі де мол екендігін, келешекте де кәдемізге жарайтындығын меңзейді.

Кеңестік кезеңде Әл-Фараби есімі ұзақ уақыт бойы айтылмай келді. Тек өткен ғасырдың 60-70 жылдарында ғана бұл сең бұзылды. Қазақстандағы Фарабитану ілімінің іргетасын алғаш қалаған ғалым Ақжан Машани болатын. Оны қазір күллі қазақ жұрты Әл-Фарабиді қазаққа қайтарған тұлға деп таниды. Ғалымның «Әл-Фараби», «Әл-Фараби космологиясы», «Әл-Фараби және Абай», «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» деген кітаптары ұлы ғалымның тұжырымдарын, ойларын жаңжақты талдап, оқырманға түсінікті тілде ұсынған. Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» кітабы да ғұламаның ғибратты ғұмырын шұрайлы тілмен шебер суреттеп бере алған. Фарабидің көптеген трактаттары аударылып, ғылыми айналымға енгізілді. Оған қатысты дүниенің бәрін жүйелі тәртіппен игерудің маңызы әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін барынша арта түсті. Әл-Фараби ілімін тәрбие, білім беру саласымен ғана шектемей, тұрмыста жаңжақты пайдалану – кезек күттірмейтін мәселе. Дананың аты мен атағына малданып жүре бермей, оның ойларын, өнегесін тұғыр етсек, бұл біз үшін де, ұрпақ үшін қыруар пайдаға кенелтері сөзсіз.

Өйткені қазір тұлғаға айналғыңыз келсе, Әл-Фарабиге жүгінесіз. Жер мен көктің сырларын танып, өзі айтқандай, әрбір жаратылысқа ақыл көзімен қарау үшін де оның іліміне мұқтажсыз, қай ғылымға қызықсаңыз да дананың ілімі сізге адастырмас жолбасшы бола алады. Өнер, музыка, ән-күй, мұның бәрінде де Әл-Фараби салған сара жолдың маңызы ерекше. Шешен сөйлеп, адамды көркем сөзбен баурап аламын десеңіз де, Фарабидің еңбектері сізге шамшырақ бола алады. Қоғамды бақытқа жетелеудің жолы да дананың шығармаларында тұнып тұр. Медицина саласы бойынша да әл-Фарабидің шығармалары әлі күнге дейін мәнін жойған емес. Қазіргі Қазақстан үшін ғылым, өнер, мәдениет, әлеумет игілігі, яғни не нәрсе өзекті болса, соның бәрі де әл-Фараби еңбектерінде толығымен қамтылған. Баба мұрасы, әсірелеп айтқанда емес, шын мәнінде де таусылмас қазына іспетті.

Қорыта айтқанда, ел болып, еңсемізді тіктеген кезде әл-Фараби ілімінің мәні одан сайын арта түседі, ол бізді тереңіне барған сайын тарта түседі.

Мұхит ТӨЛЕГЕН,
PhD докторы

Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор:

Әбу Насыр тек түркі халқы, оның ішінде қазақ жұрты ғана емес, бүкіл ислам өркениетінің, қала берді бүкіл дүниежүзінің мақтанышы, бүкіл адамзатқа ортақ ірі тұлға. Ал, енді, кемеңгердің қазақ жерінде туылғандығы біз үшін үлкен мақтаныш, сол үшін де біз өзімізді ұлы ғалымның ұрпақтарымыз деп мақтануымыз заңды деп ойлаймын.

Поэтикалық шығармалардың қай-қайсысы да бір нәрсені қиялмен жақсы бейнелеп шығуға ғана арналады.

Әл-фараби

Сарасөз

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ-ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ

74974

